

АСТАНА ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК



САҒАДАТ
ТАҒЫ

Астана, 2025



«Сарыарқа тану» бағдарламасы: 5 жастағы балабақша тәрбиеленушілерін тұрғылықты жерімен таныстыру / Астана, 2025. – 41 бет.

Тұрғылықты жерін танып-білу, алғашқы түсініктерін қалыптастыру, туған өлкені сүйге баулу – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Осы мақсатта әзірленген «Сарыарқа тану» бағдарламасы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басшыларына, әдіскерлеріне және мектепалды топ тәрбиешілеріне арналған.

Бағдарлама Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Әдістемелік отырысында қаралып, ұсынылған (2025 жылғы 25 маусымдағы №2 хаттама)

МАЗМҰНЫ

1. Түсіндірме жазба.....	4
2. Жүзеге асыру механизмі.....	5
3. Оқу жоспары.....	7
4. Оқу жоспары модульдерінің мазмұнын ішінара ашатын және тәжірибеде қолдануға мүмкіндік беретін жобалық ресурстар жиынтығы.....	8
5. Астана қаласы туралы тақпақтар.....	37
6. Тәрбиешілерге арналған өлеңдер.....	38
7. Қорытынды.....	40
8. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	41

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Жеке тұлғаның қалыптасу негізі қаланатын ең маңызды кезең – мектепке дейінгі шақ. Осы аралықта баланың танымдық үдерістері қарқынды дамып, айналаны танып-білуге деген қызығушылығы арта түседі. Сондықтан дәл осы кезеңнен бастап балаға тұрғылықты тұрған жері туралы жан-жақты мәлімет берудің маңызы зор.

Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі психологиялық ерекшеліктері:

- айналадағы өзгерістерді байқауы;
- есте сақтау қабілетінің жоғары болуы;
- қиялының дамуы;
- сезімталдығы мен эмоциялық әлемінің байлығы.

Аталған қасиеттер балаға ана тілін жеңіл меңгеруге, өз тұрғылықты жері туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыруға, туған өлкенің табиғатын, тарихын және мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін танып-білуге кең мүмкіндік береді. Сондықтан осы жастағы балалармен жүргізілетін танымдық жұмыстар жүйелі әрі мазмұнды болуы тиіс.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасындағы көрсетілген маңызды міндеттердің бірі – жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту, тәрбиелеу және дамыту міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу болып табылады.

Осы орайда **«Сарыарқа тану»** бағдарламасы мектепке дейінгі жастағы мектепалды топтарының тәрбиешілері мен педагогтеріне арналып құрылған.

Бұл бағдарламада Қазақстанның географиялық және тарихи маңызды аймақтарының бірі – **Сарыарқа** жайында түсінік беріледі. Сарыарқа – еліміздің орталығында орналасқан кең жазық дала ғана емес, сонымен қатар ежелден қалыптасқан тарихи мекен. Бағдарлама барысында Сарыарқа аймағына кіретін ірі қалалармен таныстыру жұмысы жүргізіледі. Атап айтқанда, Сарыарқаның орталығы саналатын Астана қаласына кеңінен тоқталу көзделеді. Балалар Астана қаласының көрікті жерлері мен сәулетті ғимараттары, тарихи-мәдени ескерткіштері, табиғаты және өзіндік ерекшеліктері туралы мағлұмат алады.

Балаларға тұрғылықты жері туралы түсінік беру күн сайын режимдік сәттерде балалар әрекетінің: қарым-қатынас, заттық, ойын, еңбек, көркем (тәрбиешінің көркем әдебиет оқып беруі, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау), театрландырылған және дербес әрекет және басқа да әрекет түрлері арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Мақсаты: Оқу жылы барысында 5 жастағы балалардың **Сарыарқа аймағы** туралы алғашқы түсінігін қалыптастырып, аймаққа тән ірі қалалармен таныстыру, соның ішінде тұрғылықты жері — **Астана қаласы** туралы толық әрі қарапайым мағлұмат беру. Балалардың туған өлке туралы білімін кеңейту, Отанға, елге деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру.

Міндеттері:

- Балаларға Сарыарқа аймағы туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;
- Астана қаласы туралы толық әрі қарапайым мағлұмат беру, көрікті жерлері мен ерекшеліктерін таныстыру;
- Туған жерге деген мақтаныш пен сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу;
- Балалардың танымдық, шығармашылық және тілдік қабілеттерін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- Балаларда Сарыарқа жері туралы алғашқы түсініктер қалыптасады;
- Сарыарқа аумағындағы негізгі қалаларды атай алады;
- Астана қаласының көрікті жерлері, ескерткіштері мен табиғаты туралы қарапайым түсінік қалыптасады;
- Қаланың танымал ғимараттары мен ұлттық құндылықтарын танып, оларды сипаттай алады;
- Туған жеріне деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімі дамиды;
- Экологиялық мәдениеті қалыптасады.

Жүзеге асыру механизмінің тәсілдері (тәрбиеші 2 тәсіл арқылы жүзеге асыра алады):

1. Күн тәртібіне бағдарлама элементтерін енгізу арқылы:

Күн тәртібіне сәйкес жүргізілетін әртүрлі іс-әрекеттер барысында («балаларды қабылдау», «дербес әрекет» – баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.; таңғы жаттығу, таңғы ас, серуенге дайындық, серуен, түскі ас, ұйқыға дайындық – ертегі оқу, ән тыңдау, еркін ойындар кезеңі) «Сарыарқа тану» бағдарламасының мазмұндық элементтерін мақсатты түрде енгізу.

2. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерге кіріктіру арқылы: «Сарыарқа тану» бағдарламасының мазмұнын дене тәрбиесі, тіл дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, сауат ашу негіздері, математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне кіріктіре отырып, кешенді түрде жүзеге асыру.

Жүзеге асыру әдістері:

1. Танымдық іс-әрекеті арқылы:

- виртуалды турлар қолдану (мысалы, Астананың көрікті жерлерін 3D форматта қарау);
- жергілікті өлкетану кескінді карталарымен, альбомдарымен таныстыру;
- табиғи құбылыстарды (жаңбыр, қар, боран, жел) тәжірибе арқылы көрсету.

2. Шығармашылық іс-әрекеті арқылы:

- макет жасау (қаладағы белгілі бір ғимараттың, туған жер табиғатының үлгісі);
- фотоколлаж немесе плакат құрастыру («Менің қалам» тақырыбында);
- жергілікті әндерді, күйлерді тыңдап, шағын сахналық қойылым қою.

3. Қарым-қатынас іс-әрекеті арқылы:

- шағын пікірталас немесе әңгімелесу («Табиғатты қалай қорғаймыз?»);
- сұрақ-жауап сайысы («Менің қалам», «Менің өлкем» тақырыптарында);
- ұжымдық шығармашылық жұмыс (үлкен плакат немесе картаға өз көшесін белгілеу).

4. Зерттеу іс-әрекеті арқылы:

- шағын тәжірибелер жасау (гүлді суарудың, күннің жарығының әсерін бақылау);
- күнделік жүргізу («Табиғат күнделігі» – апта сайынғы бақылауларды белгілеу);
- үлкендерден сұхбат алу (өз көшесі, қала тарихы туралы).

5. Тәрбиелік іс-шаралар арқылы:

- табиғатты қорғау бұрышын ұйымдастыру (гүл өсіру, құстарға жем салғыш ілу);
- ұлттық ойындарды ойнату («Алтыбақан», «Арқан тарту» – туған жер мерекесінде);
- тұрғылықты жер туралы шағын ертегілер немесе аңыз-әңгімелерді оқып, талдау.

ОҚУ ЖОСПАРЫ

Ескерту: Ұсынылып отырған бағыттарды іске асыру кезінде тәрбиеленушілерге берілетін барлық ақпарат пен түсіндіру материалдары балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне толық сәйкес келуі қажет.

1 модульдің жүзеге асырылу кезеңі: қыркүйек – қараша;

2 модульдің жүзеге асырылу кезеңі: желтоқсан – ақпан;

3 модульдің жүзеге асырылу кезеңі: наурыз – мамыр.

№	Бағыты	Модуль
1.	Сарыарқа – ежелгі мекен	1 МОДУЛЬ
2.	Сарыарқаның табиғаты (өсімдіктер, жануарлар, құстар, өзен, көлдер)	
3.	Астанадағы ауа райының маусымдық өзгерістері (күзгі климат)	
4.	«Біздің тұратын қала қалай аталады?»	
5.	Астана қаласының дәстүрлері (тәрбиеші балалармен бірге елордада қалыптасқан және жиі өткізілетін дәстүрлерді бірге анықтап, зерттейді)	
6.	Астана қаласының аудандары	
7.	Қаланың оң және сол жақ жағалауы	
8.	Астананың қызықты жерлері мен ерекшеліктері	
9.	Қаланың ескерткіштері мен көрікті жерлері	
10.	Астанадағы ауа райының маусымдық өзгерістері (қысқы климат)	2 МОДУЛЬ
11.	Сарыарқаның самал желі	
12.	Сарыарқадан шыққан танымал тұлғалар (балаларға таныс тұлғаларды таныстыру (батырлар, жазушылар, суретшілер, спортшылар, әншілер)	
13.	Алғашқы көшелердің бірі	
14.	Астана қаласының басты көшелері	
15.	Менің көшем	
16.	Астананың құрылысы	
17.	Астана қалай дамыды?	
18.	Астанада жасалған өнімдер	
19.	Ауа райының маусымдық өзгерістері (көктемгі климат)	3 МОДУЛЬ
20.	Астана қаласының саябақтары	
21.	Есіл өзені	
22.	Елордадағы ең ескі ғимарат	
23.	Астана қаласының музейлері	
24.	Астана қаласының театрлары	
25.	Көк ту	
26.	Астананың төлтаңбасы	
27.	Астанадағы ауа райының маусымдық өзгерістері (жазғы климат)	
28.	Астана қаласына саяхат	
29.	«Думан» ойын-сауық орталығындағы мұхитарал	
30.	Қорытынды	

ОҚУ ЖОСПАРЫ МОДУЛЬДЕРІНІҢ МАЗМҰНЫН ІШІНАРА АШАТЫН ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ЖОБАЛЫҚ РЕСУРСТАР ЖИЫНТЫҒЫ

Ескерту: ұсынылған ақпарат бағыт-бағдар (ұсыным) ретінде берілген. Бір оқу кезеңі ішінде модульді толық меңгерту барысында тәрбиеші балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, өз шығармашылығына сәйкес қосымша немесе өз таңдауы бойынша басқа да материалдарды еркін қолдана алады.

1. Сарыарқа – ежелгі мекен

Ақпарат!

Сарыарқа — Қазақстанның ірі физикалық-географиялық және табиғи-тарихи аймағының бірі. Сарыарқа – халықтық атау. Сарыарқаға Қарағанды, Ақмола облыстарының жері толықтай, бұрынғы Торғай, Теміртау, Павлодар облыстарының біраз жері кіреді. Қарағанды облысының территориясы, негізінен, Сарыарқаның орта бөлігінде орналасқан. Сондықтан да жергілікті халық осы өңірді ежелден Сарыарқа, Арқа даласы деп атаған.

Сарыарқаның төсінен атақты Ұлы Жібек жолы өткен. Ол жолмен саудагерлер жүк тасып, түрлі халықтар бір-бірімен дос болып, өнер мен білімін бөліскен.

Шеті көрінбейтін жазық даласы, самал желмен сыбырласқан көк шөбі, сайраған құстары, мөлдір өзен-көлдері бар.

Сарыарқа – біздің ата-бабамыздың аманаты, біз үшін туған жердің алтын қазынасы.

Балаларға әңгіме!

Балалар, сендер туған жерді жақсы көресіңдер ме? Ал біздің ұлы даламыз – **Сарыарқа** деп аталады. Ол – Қазақстанның дәл жүрегінде орналасқан кең, әдемі дала.

❖ **Ерте-ерте заманда**, Сарыарқада батырлар мен ақылды адамдар өмір сүрген. Қазақтар кең далада **мал бағып, табиғатпен дос** болып, **тыныш өмір** сүрген. Олар **жерді құрметтеп, суын таза сақтап, құстарды қорғаған**.

❖ Сарыарқаның үстімен **Ұлы Жібек жолы** өткен. Бұл жолмен **саудагерлер** жүріп, **көптеген елдермен достасқан**. Олар түрлі заттармен сауда жасап, **білім мен өнер** үйреткен.

❖ Сарыарқаның даласы **кең, шеті көрінбейді**. Онда **жайқалған шөптер, сайраған құстар, мөлдір көлдер мен өзендер** бар. Самал жел есіп тұрады.

❖ Сарыарқа – **біздің туған жеріміз, бабаларымыздың сыйы**. Оны **қорғау, сүю** – біздің **міндетіміз**.

🌿 Тіл дамыту:

- Сендер шөптер мен құстарды жақсы көресіңдер ме?
- Туған жерді қалай қорғауға болады?

🌿 Қазіргі Сарыарқа туралы балаларға әңгіме

Балалар, бүгінгі таңда Сарыарқа – жай ғана дала емес, ол жерде **үлкен қалалар, мектептер, бақтар, зауыттар**, және **көптеген адамдар** тұрады.

❖ **Сарыарқаның жүрегінде – Астана қаласы (Астана – Қазақстанның астанасы)**. Онда зәулім үйлер, саябақтар, балабақшалар мен мектептер бар. Адамдар жұмыс істеп, білім алып, бақытты өмір сүреді.

◆ Сарыарқа жерінде **Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Жезқазған, Екібастұз** сияқты үлкен қалалар бар. Бұл қалаларда **зауыттар жұмыс істейді, тұрғын үйлер көп, темір жолдар мен автобустар** жүреді.

◆ Мұнда **көмір, мыс, алтын сияқты пайдалы қазбалар** жер астынан алынады. Бұл қазыналар еліміздің дамуына көмектеседі.

◆ Сарыарқада **табиғат та ерекше!** Мысалы:

- **Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау** сияқты таулы, орманды жерлер;
- **Балқаш көлі** – жартысы тұщы, жартысы ащы су;
- **Қорғалжын қорығы** – онда қоқиқаздар мен көптеген құстар мекендейді.

◆ Адамдар Сарыарқада **егін егіп, мал өсіріп, табиғатты қорғайды.**

🌿 **Тіл дамыту:**

- Сен Сарыарқадағы қандай қалаларды білесің?
- Табиғатты қалай қорғаймыз?
- Біз туған жерге қалай қамқор бола аламыз?

2. Сарыарқаның табиғаты (өсімдіктер, жануарлар, құстар, өзен, көлдер)

Ақпарат!

Сарыарқаның табиғаты өте әдемі, бай әрі ерекше. Мұнда көктемде дала жасыл кілемдей құлпырып кетеді. Жазда кең далада сан түрлі гүлдер өседі: қызғалдақ, сарғалдақ, жусан мен бетеге самал желмен тербеліп, далаға хош иіс береді.

Сарыарқаның жануарлары да алуан түрлі. Даланың еркін жортқан киіктері бар, қояндар мен түлкілерді де кездестіруге болады. Кейде даланы елеңдетіп, арқарлар таулардың етегінде жүреді.

Ал құстар ше? Далада бозторғай ән салады, қыран құстар биік аспанда қалықтап ұшады. Өзен-көлдердің маңында қаздар, үйректер мен аққулар қонып, судың бетінде еркін жүзіп жүреді.

Сарыарқаның өзен-көлдері мөлдір суымен көз тартады. **Есіл, Нұра** секілді өзендер ағып жатады. Көлдерінің айдынында күн сәулесі шағылысып, айналаға сұлулық сыйлайды.

Сарыарқаның табиғаты – бізге аманат, оны қорғау – әрқайсымыздың міндетіміз.

Зерттеу тапсырмалары

- Тәрбиешімен бірге Қарағанды, Астана, Балқаш, Теміртау сияқты, әр қалада не өсетінін/қандай жануарлар кездесетінін зерттеу.

Қосымша шығармашылық тапсырмалар:

- «Табиғат кітабын жасайық» – балалар жапсырма (аппликация), сурет, жапырақ жинау арқылы шағын табиғат кітабын құрастырады.
- «Ертегі ойлап тап!» – «Жусан мен суырдың достығы» сияқты қиял-ғажайып ертегілер құрастыру.

«Сарыарқаның сиқырлы даласы»

Балаларға арналған ертегі

(«Ертегі тындап ұйықтаймыз» түскі ұйқыға жатқызар алдында)

Баяғыда, баяғыда, ертеде емес, бертеде, кең байтақ далада – **Сарыарқа** деген ғажайып мекен болған екен. Бұл жердің табиғаты сондай әдемі, сондай ерекше болыпты, тіпті оны көрген құстар да таң қалып, сайрай жөнелетін көрінеді.

Сарыарқаның бір шетінде **Ақбота** деген кішкентай қыз ата-анасымен бірге тұрыпты. Ол табиғатты қатты жақсы көретін. Бір күні Ақбота көктем шыққанда далаға серуенге шығыпты. Сол кезде кенеттен **дала желі** сыбдырлап:

— Ақбота, сен табиғатты жақсы көресің бе? – деп сұрапты.

— Әрине! – деп қуана жауап беріпті қыз.

— Онда мен саған **Сарыарқаның сиқырлы сырын** көрсетемін! – деп, самал жел қызды өзімен бірге алып кетіпті.

Ақбота көзін ашса, алдында **жасыл кілемдей жайқалған дала** жатыр. Қып-қызыл **қызғалдақтар**, сары **сарғалдақтар**, күміс түсті **жусан** мен **бетеге** самал желмен тербеліп тұр екен.

— Мына гүлдер сөйлей алатын сияқты! – деп таңырқапты Ақбота.

Сол сәтте гүлдер сыбырлап:

— Біз Сарыарқаның хош иісін шашамыз, табиғатты сәндейміз, — деп күлімсірепті.

Кенет алыстан **киіктер жүгіріп келеді екен**. Артынан **қоян, түлкі**, ал таудан төменге **арқар** түсіп келе жатыпты. Барлығы Ақботаны көріп, басын изеп амандасыпты:

— Сәлем, Ақбота! Біз – Сарыарқаның жануарларымыз. Табиғатты сүйетін балаларды қатты жақсы көреміз!

Сәлден соң аспанда **бозторғай** ән салып, көкте **қыран құс** шарықтап ұшыпты. Ал көлдің жағасына келгенде, Ақбота **аққулардың** судың бетінде жүзіп жүргенін көріпті.

— Не деген сұлулық! – деп таңғалыпты қыз.

Су бетінен **күннің сәулесі** шағылысып, айнала жап-жарық боп кетіпті. Сол кезде **Есіл өзені** сылдырлап:

— Ақбота, есінде болсын, бұл табиғат — бізге аманат. Оны сақтау – әр баланың міндеті, — деп сыбырлаған екен.

Ақбота басын изеп:

— Мен міндетті түрде табиғатты қорғаймын! – деп уәде беріпті.

Сол кезде самал жел қайта соғып, Ақботаны үйіне әкеліп тастапты.

Содан бері Ақбота достарымен бірге **гүлдерге су құяды, құстарға ұя жасайды, табиғатты таза ұстайды** екен.

3. Ауа райының маусымдық өзгерістері

Ақпарат!

Астана – жылдың төрт мезгілін де айқын көрсететін қала. Әр маусымның өз ерекшелігі бар.

🍂 **Күз**- қыркүйектен қарашаға дейін. Ауа райы салқындайды, жаңбыр жиі жауады. Қарашада алғашқы қар түседі. Күзде күн салқындайды. Ағаштардың жапырақтары сары, қызыл түске боялып, жерге төгіледі. Балалар мектепке барып, жаңа оқу жылын бастайды.

🍁 **Күз** – жылдың төрт мезгілінің бірі. Ол қыркүйек, қазан және қараша айларына жатады. Бұл мезгілде күн біртіндеп салқындайды. Қыркүйек айында әлі жылы болса, қазаннан бастап суытады, ал қарашада алғашқы қар түсе бастайды.

Күзде табиғат ерекше әдемі көрінеді. Жапырақтар сарғайып, қызарып, қоңыр түске боялып, жерге түседі. Сондықтан күзді **«Алтын күз»** деп те атайды.

Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Ауылда адамдар егін жинап, жеміс-жидек пен көкөністі теріп, қыстық азығын дайындайды. Малға шөп жиналады.

Күз – берекелі, молшылыққа толы мезгіл. Табиғат қысқа дайындалып, адамдар да жылы киімдерін киіп, суық күндерге қам жасайды.

Сұрақ-жауап:

- Күзде ағаштардың жапырақтары қандай түске боялады?
- Күзде ауа райы қандай болады?
- Күз мезгілі 3 айға созылады, ал неге қараша айында алғашқы қар түседі? Не себепті деп ойлайсың?
- Неліктен жаз мезгілінің тамыз айында күн салқындап, күздің салқыны сезіледі?

🍂 Күз

«Дұрыс па, бұрыс па?»

Күзде жапырақтар қызыл, сары түске боялады (✓ Дұрыс).

Күзде балалар шомылады (✗ Бұрыс).

«Жауабын тап»

– Күзде балалар не істей бастайды?

– Күзде ауа райы қандай болады?

Шығармашылық жұмыс:

Балаларға күзгі ағаш суреті беріледі. Олар жапырақтарды алып, суретке жапсырады.

✓ Күтілетін нәтиже:

- Жылдың төрт мезгілін (қыс, көктем, жаз, күз) атай алады;
- Әр мезгілге тән ауа райын сипаттайды (қыс – қар жауады, аяз болады; көктем – күн жылынады, қар ериді; жаз – күн ыстық, жаңбыр жауады; күз – жапырақ сарғаяды, жел соғады);
- Күз мезгілінің өзгерістерін айта алады;
- Табиғатты қорғау, жыл мезгілдерінде оған қамқорлық жасау қажеттілігін түсінеді;
- Өз ойын қарапайым сөйлемдермен жеткізе алады.

4. Біз тұратын қала қалай аталады?

«Астана – ғажайып қала»

Балаларға арналған ертегі (Серуенге шыққанда)

Ерте, ерте, ертеде, Есіл өзенінің жағасында, кең жазық далада керемет бір қала бой көтеріпті. Бұл қала күн сайын көркейіп, әдемі үйлер, биік ғимараттар, жарқыраған көшелер, ойын алаңдары пайда болыпты. Бір күні сол жерге серуенге шыққан балалар:

— Бұл қандай әдемі қала екен? Аты қалай аталады екен? – деп таңданыпты.

Сол сәтте самал жел есіп:

— Бұл – Астана қаласы! – деп сыбырлапты.

Балалар айналасына қараса, Астана нағыз ғажайып қала екен! Онда сәнді үйлер, үлкен мектептер, театрлар, саябақтар мен жарқыраған көпірлер бар екен.

Астанаға еліміздің төрінен, шетінен, таудан да, жазықтан да адамдар келіп қоныстаныпты. Бірі — дәрігер болып адамдарды емдесе, бірі — мұғалім болып балаларды оқытыпты.

Құрылысшылар – биік үйлер салып, жүргізушілер – автобустар жүргізіп, өнерпаздар – ән айтып, би билеп, ғалымдар – жаңалық ашып, бәрі бірігіп еңбек етіпті.

Қала халқы өте қонақжай, мейірімді екен. Олар бір-біріне көмектесіп, бірге той жасап, бірге қуанып өмір сүріпті.

Сөйтіп, Астана үлкен бір отбасындай берекелі, шаттыққа толы мекенге айналыпты.

Күндердің күнінде самал жел тағы да сыбырлапты:

— Астана – жай қала емес, еліміздің жүрегі, бақыт пен бірліктің мекені, — деп күлімдепті.

Содан бері бұл әсем қала барша халықтың сүйікті мекені болыпты.

Сахналық қойылым

Тақырыбы: Астана – барша халықтың сүйікті мекені

Кейіпкерлер:

- Жүргізуші (тәрбиеші); 3–5 бала (дәрігер, мұғалім, құрылысшы, өнерпаз, ғалым); Жел (1 бала немесе жүргізушінің рөлінде); Балалар хоры (барлығы бірге)

★ **Басталуы (Жүргізуші айтып тұрады):**

Жүргізуші:

– Ерте, ерте, ертеде,
Есіл өзенінің жағасында,
Әсем бір қала бой көтеріпті.
Қала күннен күнге көркейіп,
Әдемі үйлер мен биік ғимараттар
салыныпты.

(Ортаға 2–3 бала шығады, таңғалғандай қарап тұрады)

1-бала:

— Бұл қандай әдемі қала екен?

2-бала:

— Аты қалай аталады екен?

(Сол кезде самал жел рөліндегі бала жүгіріп шығып, сыбырлағандай сөйлейді)

Жел:

— Бұл қала – Астана! Ол – еліміздің жүрегі!

★ **Кейіпкерлер шығады (Әр бала өз рөлін ойнайды):**

Дәрігер:

— Мен – дәрігермін,
Адамдарға көмектесем,
Ауырып қалғандарға
Күлімдеп ем көрсетем!

Мұғалім:

— Мен – мұғаліммін,
Балаларға білім берем.
Әріп үйретіп,
Оқуға шабыт берем.

Құрылысшы:

— Мен – құрылысшымын,
Үлкен үй тұрғызамын.
Қаламызды көркейтіп,
Жұмысымды мақтан етем.

Өнерпаз:

— Мен – әнші, бишімін,
Қуанышқа себепмін.
Астана тойларында
Әнмен шаттық себемін.

Ғалым:

— Мен – ғалыммын, ізденем,
Жаңалық ашып, білім берем.
Астананың болашағы –
Ақылды жастар, біліммен!

♪ Барлық балалар хормен айтады (өлең):

**Астана – сұлу қала,
Күндей күліп тұр дала.
Біз бәріміз мақтан етем,
Бірлікте өмір сүре берем!**

✍ **Қорытынды сөз (Жүргізуші немесе жел):**

— Балалар, Астана – бұл жай ғана қала емес,
Бұл – біздің еліміздің жүрегі,
Бейбіт өмірдің, достық пен бірліктің символы.
Оны қорғау, жақсы көру – бәріміздің парызымыз!

5. Астана қаласының дәстүрлері

Ақпарат!

Дәстүр – халықтың тарихын, тұрмыс-салтын, дүниетанымын және өмір сүру салтын көрсететін мәдени мұра. Балалар мен жастар ұлттық дәстүрлерді танып-білгенде, өзінің шыққан тамырын, тарихи негізін тереңірек түсінеді, туған жеріне деген құрметі артады.

Дәстүрлер уақыт өте келе ұмытылып кетпеуі үшін оларды жазып, сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізу маңызды. Ақпарат құралдары мен оқу үдерісінде дәстүр туралы жазбаларды пайдалану – бұл мәдени мұраны сақтаудың бір жолы.

Дәстүрлердің тәрбиелік мәні зор. Олардың барлығында ізгілік, сыйластық, қонақжайлылық, үлкенді құрметтеу сияқты құндылықтар көрініс табады. Бұл – өскелең ұрпақты адамгершілікке, ұлттық рухта тәрбиелеудің негізі.

Қаланы немесе елді таныстыруда, әсіресе Астана қаласы секілді ірі орталықтардың ерекшелігін көрсету үшін де оның дәстүрлері мен мәдениетіне қатысты ақпарат үлкен рөл атқарады. Осындай мәліметтер арқылы оқырман немесе тыңдаушы қаланың рухани болмысын таниды.

Балабақшада дәстүрлер туралы ақпаратты балаларға арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеттер арқылы беру – олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға көмектеседі. Балалар дәстүрлерді біліп қана қоймай, соны күнделікті өмірде қолдануға, құрметтеуге үйренеді.

Қалалық дәстүрлер

1. **Астана күні (6 шілде)** – қалада концерттер, көрмелер, мерекелік отшашулар өткізіледі.
2. **Есіл жағалауындағы мерекелер** – музыкалық фестивальдер, ас мәзірі жәрмеңкелері, театрландырылған қойылымдар.
3. **Қысқы дәстүрлер** – мұз айдындарында коньки тебу, мұз қалашықтарын тамашалау.
4. **Жазғы дәстүрлер** – саябақтарда серуендеу (Орталық саябақ, Триатлон, Ботаникалық бақ), велошерулер, ашық аспан астындағы концерттер.

Астанада ерекше дәстүрлердің бірі – **Бәйтерек монументіне барғанда алақанға қол қою дәстүрі**.

Бұл дәстүрдің мәні:

- Бәйтеректің ішінде тұңғыш президент Н.Ә.Назарбаевтың алтын түстес **алақанының ізі** орнатылған.
- Келген адамдар сол ізге алақанын қойып, тілек тілейді.
- Көпшілік сенім бойынша, ол тілек орындалады деп есептеледі.

Бұл бүгінде Астана қонақтарының арасында танымал рәсімге айналған. Туристер де, қала тұрғындары да арнайы барып, қолын қойып, суретке түседі.

Тапсырма:

- **«Біздің топтың дәстүрлері»** тәрбиешімен бірге топтың дәстүрлерін ойлап тап.
- **«Біздің балабақшамыздың дәстүрі»** тәрбиешімен бірге балабақшаның дәстүрлерін анықтайды.

Мысалы:

- Таңертеңгілік шеңберде амандасу дәстүрі.
- Туған күн иесін құттықтау дәстүрі.
- Мерекелік ертеңгіліктер (Наурыз, Жаңа жыл, Тәуелсіздік күні).
- Аптаның соңында ән айту, би билеу дәстүрі.
- Кітап және ертегі тыңдау дәстүрі.
- Табиғатты қорғау дәстүрі (ағаш егу, гүл отырғызу).

6. Астана қаласының аудандары

Ақпарат!

Астана – Қазақстанның жүрегі, әсем де үлкен қала. Қала алты ауданға бөлінеді:

1. **Алматы ауданы** – қаланың ең көне бөлігі, онда мектептер, балабақшалар, мәдени орындар мен базарлар бар.
2. **Сарыарқа ауданы** – тарихы бай, саябақтар мен тарихи ғимараттары орналасқан ескі аудан.
3. **Есіл ауданы** – заманауи бөлік, биік ғимараттар, көпірлер мен әсем нысандарымен танымал.
4. **Байқоңыр ауданы** – қарқынды дамып келе жатқан жас аудан, аты Байқоңыр ғарыш айлағына байланысты.
5. **Нұра ауданы** – ең жас аудан, аумағы кең, жаңа үйлер мен әлеуметтік нысандар салынып жатыр.
6. **Сарайшық ауданы** – Алматы ауданынан бөлініп құрылған, атауы көне Сарайшық қаласына байланысты.

1. «Аудандық пойыз» кимылды ойыны

Балалар пойыз құрап тұрады.

Балалар пойыз болып сап түзеп жүреді. Тәрбиеші Астана туралы көңілді ән қосады. Ән ойналған кезде балалар пойыз сияқты топ ішінде қозғалады. Ән тоқтаған сәтте тәрбиеші: **«Пойыз Сарыарқаға тоқтады!»** – дейді. Сол кезде балалар Сарыарқа ауданының ерекшеліктерін айтады. Кейін пойыз әрі қарай жүріп, басқа аялдамаларға (Алматы, Есіл, Байқоңыр, Нұра, Сарайшық) тоқтап, әр аудан туралы айтып шығады.

Мысалы:

- ✓ Сарыарқа ауданы – Астананың ең үлкен аудандарының бірі.
- ✓ Бұл ауданда көп адамдар тұрады, үйлері де, мектептері де, балабақшалары да көп.
- ✓ Сарыарқада ескі тарихи ғимараттар мен жаңа заманауи үйлер қатар орналасқан.
- ✓ Мұнда саябақтар, ойын алаңдары бар.
- ✓ Қаланың орталық бөлігін осы ауданнан табуға болады.

2. Дыбыстық тапсырма: «Қай әріптен басталады?»

1. Балаларға аудан атаулары айтылады (Алматы, Байқоңыр, Сарыарқа, Есіл).
2. Балалар бірінші дыбысын айтып, қай сөз сол дыбыстан басталатынын ойлап айтады.

Тәрбиеші: – Балалар, біздің Астанамызда 6 аудан бар. Олар: **Алматы, Байқоңыр, Сарыарқа, Есіл, Нұра, Сарайшық.**

– Енді біз олардың аттарын атап, қай дыбыстан басталатынын табамыз.

Тәрбиеші:

«Алматы» сөзін айтады.

- Балалар: «А» дыбысы.
- Тәрбиеші: «Ал, «А» дыбысынан тағы қандай сөздер басталады?»
- Балалар: «Алма, арыстан, ай» т.б.

2. Ойын түрінде бекіту:

- Тәрбиеші дыбыстарды айтады («А», «Б», «С», «Е», «С», «Н»).
- Балалар кезекпен суреттерді алып, қай дыбыстан басталатынын айтады.
(Мысалы: алма суреті – «А» дыбысы, балық – «Б» дыбысы т.б.)

✓Күтілетін нәтиже:

- Балалар «Алматы, Байқоңыр, Сарыарқа, Есіл, Нұра, Сарайшық» атауларының алғашқы дыбысын дұрыс айта алады;
- Бір дыбыстан бірнеше сөз ойлап таба алады;
- Тіл байлығы, ойлау қабілеті дамиды;
- Қала аудандарының атауын қайталап айтады, ішінара айырмашылықтарын ажырата алады.

7. Қаланың оң және сол жақ жағалауы

Ақпарат!

Біздің әдемі қаламыз – **Астана** – Есіл өзенінің бойында орналасқан. Өзен қаланы екіге бөледі: бір жағы – **оң жағалау**, екінші жағы – **сол жағалау** деп аталады. **Оң жағалау** – қаланың ескі бөлігі. Мұнда бұрыннан салынған үйлер, мектептер, базарлар мен мәдениет орындары бар. Бұл жерде халық көп тұрады, көшелері ыстық ықыласқа толы. **Сол жағалау** – қаланың жаңа бөлігі. Мұнда биік ғимараттар, әсем көпірлер, әдемі саябақтар орналасқан. Елордамыздың көрікті нысандары – Бәйтерек, Мәңгілік ел аркасы, әсем сарайлар осы жерде. Оң жағалау мен сол жағалау Есіл өзенінің үстіндегі көпірлер арқылы жалғасады. Екеуі бірге – біртұтас, әдемі Астана қаласын құрайды.

Ертегі: Есіл өзені және екі жағалау

Ертеде, ерте заманда Сарыарқаның кең даласында Есіл атты әдемі өзен ағып жатыпты.

Есіл өзені жайқалып, қаланы қақ бөліп, бір жағын – **Оң жағалау**, екінші жағын – **Сол жағалау** етіп бөліпті.

Оң жағалауда ескі үйлер, базарлар, әсем саябақтар мен халық көп жүретін көшелер орналасыпты. Онда адамдар ертеден қоныстанып, күнделікті тіршілігін жасапты.

Ал Сол жағалауда биік-биік ғимараттар бой көтеріпті. Бәйтерек ағашы сияқты зәулім мұнара, қанатын жайған «Хан Шатыр» шатры, жарқыраған әсем сарайлар салыныпты.

Екі жағалау бір-бірімен көпірлер арқылы жалғасыпты. Көпірлер достық көпіріндей, адамдарды бір-біріне жақындатыпты.

Оң жағалау мен Сол жағалау тату-тәтті өмір сүріп, бірге әдемі қала – Астананы құрапты.

Содан бері балалар да, үлкендер де өз қаласын мақтан тұтып, «Біздің Астана – екі жағалауымен де сұлу қала!» – деп айтып жүріпті.

✦ **Балаларға ертегіні оқып берген соң мына сұрақтарды қоюға болады:**

- Қаланы екіге бөлген не екен?
- Оң жағалауда не бар екен?
- Сол жағалауда қандай ғимараттар орналасқан?
- Қала әдемі болу үшін екі жағалау қалай өмір сүрген?

➡ **Сәйкестендіру ойыны «Қайда орналасқан?»**

Балаларға Астана қаласының оң және сол жағалауында орналасқан ғимарат суреттері таратылады. Балалар әр ғимараттың орналасуы бойынша сол немесе оң жағалауға орналастырады.

Мысалы:

- «Бәйтерек», «Хан Шатыр» – сол жағалау;
- «Теміржол вокзалы», «Ескі қала» – оң жағалау.

✦ **Шығармашылық жұмыс**

Балаларға екі бөлікке бөлінген қағаз беріледі. Бір жағына оң жағалауды, екінші жағына сол жағалауды бейнелеп сурет салады (үй, ағаш, ғимарат).

✓ **Күтілетін нәтиже:**

- Балалар оң және сол жағалауды ажырата біледі;
- Негізгі ғимараттардың атауын біледі;
- Өз ойын суретте бейнелейді.

8. Астананың қызықты жерлері мен ерекшеліктері

Ақпарат!

Бұл қала өзінің әсемдігімен, сәнді ғимараттарымен және қонақжай халқымен ерекшеленеді.

Астана – **Есіл өзенінің жағасында** орналасқан. Қала екіге бөлінеді: оң жағалауында көне үйлер мен мәдени орындар болса, сол жағалауында биік зәулім үйлер мен әдемі ғимараттар бой көтерген.

Қалада бәріміз білетін көрікті жерлер бар:

- **Бәйтерек** – Астананың символы, биік мұнара.
- **Бейбітшілік және келісім сарайы** – пирамида пішіндес ғажайып ғимарат.
- **Ақорда** – Президенттің резиденциясы.
- **«Астана Опера» театры, спорт кешендері, әдемі саябақтар** да осы қалада.

Астана – халықаралық деңгейде танымал қала. Мұнда түрлі елдерден қонақтар келіп, көрмелер, үлкен кездесулер мен мәдени шаралар өткізіледі.

Сұрақ-жауап ойыны

1. «Біздің қаламыздың ең биік мұнарасы қайсы?» (Бәйтерек)
2. «Қалада шатыр пішініндегі қандай ғимарат бар?» (Хан Шатыр)
3. «Қаламыз немен танымал?» (Жаңа ғимараттарымен, әдемі көшелерімен, Есіл өзенімен).
4. Сендер қандай ғимараттарды білесіңдер және көрдіңдер?

Тапсырма:

- **«Бәйтерек-аңыз ағашы»** туралы аңызды тәрбиешінің көмегімен оқып, неге аңыз ағашы екендігін анықта.
- **«Астана-Бәйтерек»** монументінің идеясын тәрбиеші көмегімен анықта.
- **«Артық нысанды тап»:**

Балаларға 4 сурет көрсетіледі: 3-еуі – Астананың нысаны, 1-еуі – басқа қалаға тән.

Балалар «артық» суретті табады.



Қимылды ойын: «Саяхат пойызы»

Ойын барысы:

1. Балалар бір-бірінің белінен ұстап, пойыз болып сап түзеп тұрады.
2. Музыка қосылған кезде пойыз бөлмені аралап жүреді.
3. Музыка тоқтағанда тәрбиеші:
– «Пойыз Бәйтерекке келді!» – дейді.
4. Балалар сол бұрышқа барып, суретті көрсетеді және сипаттайды:
– «Бұл – Бәйтерек, ол Астананың белгісі, ішінде әйнек шар бар».
5. Музыка қайта қосылады. Пойыз әрі қарай жүреді.

Қызықты айдар!

«Астана-Бәйтерек» монументінің биіктігі шармен қоса алғанда 105 метр. Салмағы 1000 тоннадан асады, 500 тіреуге тіреледі. 97 метрлік биіктікте орналасқан үлкен шар кешені замануи қаланың көркем бейнесін көз алдыға әкеледі. 97 саны кездейсоқ емес, ол астананың Алматыдан Ақмолаға көшкен жылын білдіреді.

✓Күтілетін нәтиже:

- Балалар қаланың ерекшеліктерін атап береді;
- Қаланың танымал орындарын ажырата біледі;
- Өз қаласына деген сүйіспеншілігі артады.

9. Қаланың ескерткіштері мен көрікті жерлері

Ақпарат!

Астана-қазақ мәдениетінің, қазақ ескерткіш өнерінің жауһары. Астанада мемлекеттік тізімге енген республикалық және жергілікті маңызы бар ескерткіштер, тарихи-мәдени және археологиялық ескерткіштері бар.

Ескерткіштер

- **Бәйтерек** – Астананың басты символы. Ол биік мұнара сияқты, үстіне шықсаң, бүкіл қаланы көруге болады.
- **Қазақ Елі монументі** – биік ескерткіш, ол біздің тәуелсіздігімізді білдіреді.
- **Абай ескерткіші, Құрманғазы ескерткіші, Әлия мен Мәншүк ескерткіштері** – халқымыздың ұлы тұлғаларына арналған.
- **Кенесары хан ескерткіші**-Астананың орталық аудандарының бірінде, Есіл өзенінің бойында орналасқан.
- **Абай Құнанбайұлы ескерткіші**- ұлы Абайдың атына арнап жасалған.

Көрікті жерлер

- **Ақорда** – президенттің жұмыс орны, әдемі ғимарат.
- **Бейбітшілік және келісім сарайы** – үлкен пирамида түріндегі ғимарат, онда түрлі концерттер мен кездесулер өтеді.
- **«Астана Опера» театры** – өнер ордасы, мұнда әсем әндер мен қойылымдар қойылады.
- **«Нұр Әлем» сферасы** – ерекше пішінді ғимарат, халықаралық EXPO көрмесінде салынған.
- **Саябақтар мен гүл бақтары** – балалар мен ересектер демалатын әсем орындар.

Монументтер

- **«Жер-ана» монументі**- Тұмар патшайым көшпенділерге тән даналық пен өжеттіліктің символы.
- **«Қазақ елі» монументі**- ұлтымыздың болмыс-бітімі, өткен тарихы мен мәдениеті бейнеленіп, төрт қабырғаға жеке-жеке атау берілген.

Жұмбақ шешу (тәрбиеші ғимаратқа байланысты жұмбақ айтады, балалар табады).

Биік болып бой түзеген,

Күнге қарай бой созған.

Бұл қандай ғимарат? (**Бәйтерек**)

Ақ мәрмәрдан тұрғызылған,

Биік шаңырақ тұр салынған.

Елдің басын біріктірген,

Бұл қандай әсем ғимарат? (**Ақорда**)

Домалақ шар төрізді,

Жарқырап тұр күн іспетті.

ЭКСПО-да салынған,

Бұл қандай ғимарат, балалар? (**Нұр-Әлем сферасы**)

Қолында кітабы бар,

Халқына ой салар.

Ұлы ақын, данышпан,

Бұл қай ескерткіш, балалар? (**Абай ескерткіші**)

Әсем әуен естілер,

Өн де, күй де төгілер.

Көркем сахна төрінде,

Қай театр бұл, балалар? (**Астана Опера театры**)

✓Күтілетін нәтиже:

- Астанадағы негізгі ескерткіштерді (Бәйтерек, Тәуелсіздік монументі, «Қазақ елі» монументі, Абылай хан ескерткіші, Жеңіс мемориалы т.б.) атай алады;
- Көрікті жерлерді (Хан Шатыр, ЭКСПО, Тәуелсіздік сарайы, Думан орталығы, Опера театры) таниды және суреттен көрсете біледі;
- Өр нысанның ерекшелігін қарапайым сөзбен сипаттайды (мысалы: «Бәйтерек – Астананың белгісі», «Хан Шатыр – шатырға ұқсайды»);
- Туған қаласына қызығушылығы мен мақтаныш сезімін білдіреді;
- Ескерткіштерді, монументтерді және көрікті жерлерді қорғау, қастерлеу керектігін түсінеді.

10. Ауа райының маусымдық өзгерістері

Ақпарат!

❄️ **Қыс**- ұзақ әрі қатты суық. Желтоқсаннан наурызға дейін созылады. Температура – 20 °С, кейде –35 °С-қа дейін төмендейді. Қар қалың жауады, боран жиі болады. Қыс келгенде аяз бен қар мол түседі. Қала аппақ қарға оранып, ертегідей болып кетеді. Балалар шаңғы, шана, коньки тебеді, аққала жасап ойнайды.

Қыс – жылдың ең суық мезгілі. Ол желтоқсан, қаңтар және ақпан айларын қамтиды. Қыста күн қысқарады, ал түн ұзарады.

Ауа райы:

Қыста қатты аяз болады, қар қалың жауады. Кей күндері боран соғып, айнала аппақ қарға оранады. Өзен-көлдердің беті мұз болып қатып қалады.

Табиғаттағы өзгерістер:

- Жер беті қармен жабылады.
- Ағаштар жапырақсыз қалады.
- Жануарлар қыста қорек табу үшін індерінде немесе орманда жүреді. Кейбір жануарлар қыстап шығу үшін алдын ала азық жинайды.

Қысқы тұрмыс-тіршілік:

Адамдар жылы киім киеді: пальто, тон, қалың етік, қолғап, бас киім. Қыста балалар сырғанақ тебеді, шаңғы, коньки тебеді, аққала жасайды. Ауылда мал қорада ұсталып, адамдар малға жем-шөп береді.

Қыс – қызығы мол, бірақ суық мезгіл. ❄️🧑‍🦲

❄️ Қыс

«Дұрыс па, бұрыс па?»

Қыста боран соғады (✓ Дұрыс).

Қыста күн ыстық болады (✗ Бұрыс).

«Жауабын тап»

– Қыста балалар қандай ойындар ойнайды?

– Қала қыста неге ертегі сияқты әдемі көрінеді?

– Неге қыс айы ұзаққа созылады? Мысалы, наурыз – көктем айы, алайда көктемде қар жатады. Неліктен?

Балаларға сұрақ:

Қыс мезгілінде жануарлар қалай дайындалады?

Қар неге қалың жауады?

Қыста күн неге қысқарады?

Қыс аяқталса да, көктемде қардың түсінуінің себебі неде?

Шығармашылық жұмыс:

Балалар ақ мақтадан «Қар жауып тұрған қыс» бейнесін жасайды (ағаштың бұтағына қар қондырады).

✓ Күтілетін нәтиже:

- Жылдың төрт мезгілін (қыс, көктем, жаз, күз) атай алады;
- Қыс мезгіліне тән ауа райын сипаттайды (қыс – қар жауады, аяз болады);
- Маусымдық өзгерістерді табиғат құбылыстарынан (жапырақ, гүл, күн, қар) ажырата алады;
- Табиғатты қорғау, жыл мезгілдерінде оған қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді;
- Өз ойын қарапайым сөйлемдермен жеткізе алады.

11. Сарыарқаның самал желі

Ақпарат!

Астана әдемілігімен ғана емес, ерекше табиғатымен де танымал. Халық Астананы кейде «Жел мен Аяздың астанасы» деп атайды. Неге дейсіңдер ме? Астана – кең далада орналасқан қала. Қыста қатты аяз болып, аппақ қар қаланы әдемі ертегіге айналдырады. Ал жел болса, жыл бойы соғып тұрады: қыста қарды ұшырып, ал көктем мен жазда даланы салқындатады. Қатты аяз бен күшті жел – Астананың табиғи ерекшелігі. Бірақ осының бәрі қаламызды ерекше әрі қайталанбас етеді. Қарлы қыс, аязды күндер мен самал жел Астананы басқа қалалардан бөлек, ерекше қылады.

Сондықтан да жұрт Астананы еркелетіп:

«Желдің астанасы»

«Аяздың астанасы»

«Сарыарқаның самал желі» деп атайды.

Ертегі: Жел мен Аяздың астанасы

Ертеде Сарыарқаның кең даласында Жел мен Аяз өмір сүріпті. Жел – ерке мінезді, бірде қатты ұйытқып соғады, бірде жай ғана самал боп еседі. Ал Аяз – салмақты, бірақ қысы қатты болғанда бәрін тоңдырып тастайды екен. Бір күні екеуі дос болып, жаңа қала салмақ болыпты.

Жел: – Менің қаламда биік үйлер тұрсын, шатырлары аспанға жетсін, – депті.

Аяз: – Ал мен қаламды әдемі әйнектермен көмкеремін, қыс келгенде олар жылтырап, әсем көрінеді, – депті.

Осылайша олар бірге әдемі қала тұрғызыпты. Қыс айларында бұл қала ерекше сұлу болыпты: Жел ән салып, Аяз әйнекке өрнек салып, көшелерді жарқыратып жіберіпті. Адамдар сол қаланы **Астана** деп атапты. Қазір де Астанада қыс қатты, желді, аязды күндер жиі болады. Бірақ соған қарамастан, қала күннен-күнге көркейіп, халықтың сүйікті мекеніне айналыпты. Содан бері жұрт Астананы: «Жел мен Аяздың астанасы» деп атайтын болыпты.

✦ Балаларға сұрақ:

- Ертегіде кімдер кездеседі?
- Жел қандай болыпты?
- Аяз не істейді екен?
- Неге Астананы «Жел мен Аяздың астанасы» деп атаған?

Қосымша тапсырмалар:

- **Желдің күшін сезіну тапсырмасы:** Балалар ашық ауада немесе терезе қасына тұрып, желдің жылдамдығын, күшін сезінуге және сипаттауға тырысады (ықшам ойын түрінде).
- **Желді анықтау ойындары:** Балаларға әртүрлі заттарды (жапырақ, қағаз, көбігі) беріп, желдің оларды қалай қозғалтуын бақылау.
- **Жел ұшатын ойыншықтар жасау:** Балаларға жел ұшатын шариктер немесе самал желкендері жасау тапсырмасын беру, сосын оларды желге ұшырып көру.
- **Жел туралы әңгіме:** Жел туралы қысқа әңгімелер немесе өлеңдер оқу, содан кейін балалардан жел туралы өз ойларын айтуын сұрау.
- **Желді суреттеу:** Балаларға желдің қалай көрінетінін суреттеуді ұсыну (мысалы, ағаштар қалай қисаяды, жапырақтар қалай ұшады).

12. Сарыарқа жерінен шыққан танымал тұлғалар (балаларға таныс тұлғаларды мысалға алу)

Ақпарат!

Сарыарқа жерінде елге белгілі, талантты адамдар өсіп шыққан. Олар өз еңбегімен көпшілікке танылып, балаларға үлгі болып отыр. Сарыарқа өңірінен шыққан әрбір танымал тұлға – біздің еліміздің мақтанышы. Олар еңбекқорлықтың, таланттың, жігердің үлгісі. Балалар да осындай ағалары мен апаларындай еңбекқор, білімді болса, болашақта танымал тұлға бола алады.

- **Ақан сері Қорамсаұлы** – Көкшетау өңірінде туған. Қазақтың әйгілі ақыны, композиторы, әнші-ақыны. «Қараторғай», «Маңмаңгер», «Балқадиша» сияқты әндері бар.
- **Қажымұқан Мұңайтпасұлы** – әлемге танымал қазақтың балуаны, күш атасы, елінің мақтанышы.
- **Жаяу Мұса Байжанұлы** – Павлодар облысы, Баянауыл жерінде туған. Әнші, композитор, қоғам қайраткері. «Ақ сиса», «Сапар», «Гауһар қыз» әндері бар.
- **Жұмабек Ташенов** – мемлекет және қоғам қайраткері. Ақмола облысы аршалы ауданы Танагүл ауылында дүниеге келген.
- **Талғат Бигелдинов** – Ақмола облысы, Майбалық жерінде дүниеге келген.
- **Қаныш Имантайұлы Сәтбаев** – ғалым-геолог, Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті. Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Ақкелін ауылында туған.
- **Қалибек Қуанышбаев** – қазақ театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі. Ақмола облысы, Қызылсуат ауылында туған.
- **Жақсылық Үшкемпіров** – грек-рим күресінен Олимпиада чемпионы (1980). Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған.
- **Рақымжан Қошқарбаев** – Ақмола облысы Тайтөбе ауылында дүниеге келген.
- **Кенжебек Күмісбеков** – композитор, Қазақстанның халық әртісі. Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Құмкөл ауылында дүниеге келген.

Тапсырма:

- Астанада туып-өскен танымал тұлғаларды тап

Тақырыптық тапсырма:

1. «Сәйкестендір» ойыны

Батырдың суреті мен оның ерлігін байланыстыру.
(Мысалы: Бөгенбай батыр – батыр, Қажымұқан – балуан, Амангельді Шәкенов – суретші).

2. «Мен жазушы болсам...» сурет салу

Балалар «Мен жазушы болсам қандай кітап жазар едім?» деген сұраққа сурет салады.

Әр бала суретін көрсетіп, қысқаша әңгімелейді.

«Не істейді?» ойыны

Тәрбиеші қысқа сипаттама береді, балалар тұлғаны табады.

- Ол әдемі ән айтады, сахнада өнер көрсетеді (Әнші).
- Ол спортпен айналысады, ауыр зат көтереді (Спортшы).
- Ол кітап жазады (Жазушы).

✓ Күтілетін нәтиже:

- Балалар Сарыарқа жерінен шыққан бірнеше танымал тұлғаны таниды, атын атайды;
- Олардың немен танымал екенін айта алады;
- Өз болашағына байланысты армандарын айта алады;
- Танымал тұлғаларды суретте таниды.

13. Алғашқы көшелердің бірі

Ақпарат!

Астана қаласы жаңа астана болып жарияланған кезде мұнда көп көше болмаған. Сол алғашқы көшелердің бірі – **Республика даңғылы**. Бұл көше – қаланың ең басты көшелерінің бірі болып саналады. Мұнда әдемі үйлер, дүкендер, мәдени орындар орналасқан. Республика даңғылы – адамдар көп жүретін, қала өмірі қайнап жататын көше. Кейіннен Астанада жаңа көшелер салынып, биік ғимараттар бой көтерді. Бірақ Республика даңғылы әлі күнге дейін қаланың тарихын еске салып тұратын алғашқы көшелердің бірі болып қала берді.

✳ Ертегі: Сөйлеген көше

Ерте, ерте, ертеде жас қала пайда болыпты. Қалаға көп үйлер салынып, адамдар қоныстана бастапты. Бірақ адамдарға жүруге ыңғайлы жол керек болыпты. Сонда ең алғашқы болып **Республика даңғылы** деген көше пайда болыпты. Бұл көше ерекше екен. Өзі ұзын, кең әрі әдемі болыпты. Адамдар күнде осы көшеден өтіп, жұмысына, мектебіне, дүкенге барады екен.

Көшеге көп ағаштар отырғызылыпты, түнде жарық шамдар жанып, айналаны әсем қылыпты. Көше өзіне келген адамдарға күлімдеп:

– Қош келдіңдер, достарым! Мен сендерді әрқашан қауіпсіз жеткіземін, – деп сыбырлап тұрады екен. Балалар да көшені жақсы көріпті.

Олар: – Біз сенен күнде өтеміз, Республика даңғылы! Сен біздің қаламыздың жүрегісің! – деп қуаныпты. Содан бері алғашқы көше – Республика даңғылы Астананың ең қадірлі көшелерінің бірі болып қалыпты.

✳ Балаларға қойылатын сұрақтар:

1. Ертегіде әңгіме қай қала туралы айтылды?
2. Алғашқы көшенің аты қандай болды?
3. Республика даңғылы қандай болып сипатталды?
4. Көшеде адамдар не істейді?
5. Балалар көшені неге жақсы көрді?
6. Көше адамдарға не деді?
7. Сен өз көшеңде нені көресің?
8. Біз көшені таза ұстау үшін не істеуіміз керек?

Шығармашылық жұмыс

Балалар өз көшесінің суретін салады және қысқаша әңгімелейді:

– «Менің көшемде дүкен бар, ағаш бар, балалар ойнайды» т.б.

Қимылды ойын: «Көшені тап!»

Ойын барысы (көшені айтқан кезде шапалақ соғып бір қадам алға шығады, ғимарат айтқанда отырады)

1. Балалар шеңбер жасап тұрады.
2. Тәрбиеші қала көшесінің атын атайды (мысалы: «Республика даңғылы!»).
3. Сол кезде балалар қолдарын көтеріп, шапалақ соғып бір қадам алға шығады.
4. Тәрбиеші ғимараттың немесе нысанның суретін көрсетеді. Балалар отырады.
5. Тәрбиеші басқа көшені айтады. Балалар шапалақ соғып бір қадам алға шығады.

✓ Күтілетін нәтиже:

- Балалар алғашқы көшелердің атауын біледі;
- Өзінің тұратын көшесі туралы әңгімелеп береді.

14. Астана қаласының басты көшелері

Ақпарат!

✦ Республика даңғылы

- Қаланың ең алғашқы көшелерінің бірі.
- Ұзын әрі тарихи маңызы бар көше.

✦ Тәуелсіздік даңғылы

- Ел тәуелсіздігін бейнелейтін көше.
- Мұнда маңызды ғимараттар орналасқан.

✦ Қабанбай батыр даңғылы

- Қазақтың батыр ұлының есімі берілген.
- Қаланың жаңа бөлігіндегі басты көшелердің бірі.

✦ Тұран даңғылы

- Әсем ғимараттар мен спорт кешендері орналасқан көше.

✦ Бейбітшілік көшесі

- Ел бірлігін білдіретін көше.

✦ Мағжан Жұмабаев даңғылы

- Ақын есімімен аталған, жаңа аудандардағы көшелердің бірі.

✦ Нұржол бульвары

- Есілдің сол жағалауындағы әсем серуен жолы.
- Мұнда Бәйтерек, «Хан Шатыр», «Астана опера» сияқты көрікті жерлер орналасқан.

✦ Жамбыл Жабаев көшесі

- Ұлы ақын атымен аталған маңызды көше.

📌 Тапсырмалар

«Көшені тап» ойыны

Балаларға суреттер көрсетіледі: батыр бейнесі, ақын кітабы, Бәйтерек, көлік.

Тәрбиеші:

- «Қай көше батырдың атымен аталады?» (Қабанбай батыр даңғылы)
- «Қай көше ақынға арналған?» (Жамбыл Жабаев, Мағжан Жұмабаев көшелері)
- «Қай бульварда Бәйтерек орналасқан?» (Нұржол бульвары)

Сәйкестендіру тапсырмасы

Балаларға көше атаулары мен суреттер беріледі.

Мысалы:

- Республика даңғылы – 🏠 (ескі үйлер, алғашқы көше)
- Тәуелсіздік даңғылы – kz (Тәуелсіздік монументі)
- Нұржол бульвары – 🌳 (серуен, Бәйтерек)
- Қабанбай батыр даңғылы – ⚔️ (батыр бейнесі)

Балалар сәйкес суретті көше атына қояды.

«Ғимаратты тап» ойыны

Тәрбиеші ғимараттың суретін көрсетеді.

– Бұл қандай ғимарат? Ол қай көшеде орналасқан?

Балалар жауап береді:

– Бұл «Бәйтерек». Ол Мәңгілік Ел даңғылында орналасқан!

✓ Күтілетін нәтиже:

- Балалар Астана қаласының басты көшелерін біледі;
- Ғимараттарды көшелерімен сәйкестендіреді;
- Ойын арқылы танымдық белсенділігі артады.

15. Менің көшем

Ақпарат!

Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін «Менің көшем» тақырыбының тәрбиелік және танымдық мәні зор. Бұл тақырып арқылы бала өзінің тұрған жерімен, қоршаған ортамен жақынырақ танысады. Ол өз көшесіндегі үйлерді, дүкендерді, балабақша мен мектептің, саябақ пен жолдарды көріп, олардың атауларын біледі. Бұл — баланың кеңістікті бағдарлауына, айналасында не бар екенін түсінуге көмектеседі.

Сонымен қатар, бала өз көшесі туралы әңгімелеп, суреттеп айту арқылы тілін дамытады, жаңа сөздер үйренеді, сөйлем құрастыру дағдысын жетілдіреді. Тақырып баланың туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, мақтаныш сезімін оятады: «Бұл — менің көшем, мен осында тұрамын».

«Менің көшем» тақырыбы балаларға қауіпсіздік ережелерін сақтауды үйретеді. Жаяу жүргінші жолы, бағдаршам, көшеде өзін дұрыс ұстау сияқты қарапайым түсініктерді меңгеру арқылы балалардың өмірлік тәжірибесі артады. Сондай-ақ, бала өз көшесінің атауын, үйінің нөмірін білу арқылы адасып кеткен жағдайда өз үйін табуға, ересектерден көмек сұрауға мүмкіндік алады.

Балаларға арналған сұрақтар:

1. Сенің көшеңнің аты қалай аталады?
2. Көшенің атын кім қойған деп ойлайсың?
3. Көше аттары не үшін қойылады?
4. Сенің көшеңде қандай үйлер бар?
5. Көшеңде қандай ағаштар, ойын алаңдары немесе дүкендер бар?
6. Көшеде адамдар қалай жүреді? (жаяу жүргінші жолы, көлік жолы)
7. Көшені таза ұстау үшін не істеу керек?
8. Егер сен жаңа көше ашсаң, оған қандай ат қояр едің?

Шығармашылық жұмыс:

- Балаларға қағаз бен қарындаш беріледі.
- Әр бала өз көшесін бейнелеп салады (үй, көше тақтайшасы, ағаштар).
- Салған суреттерін топқа таныстырады: «Менің көшемнің аты – ... көшесі. Бұл көшеде менің үйім бар».



Доппен ойын

Тәрбиеші допты балаларға кезекпен лақтырып, «Сенің көшеңнің аты қандай?» деп сұрайды. Допты алған бала өз көшесінің атын айтып жауап береді.

Балаларға қар бетіне өз көшелерінің суретін таяқшамен немесе түрлі-түсті бояулармен салу ұсынылады:

- Жол мен жаяу жүргінші жолағын қардың үстіне сызып көрсету;
- Бағдаршамды қарға бояумен салу немесе түсті қағаздан қиып жапсыру;
- Үйлерді, ағаштарды, көліктерді қар мүсіні ретінде жасау (қардан үй, ағаш, көлік пішінін жасап безендіру).

✓ Күтілетін нәтиже:

- Өз көшесінің атауын біледі және айта алады;
- Көшеде орналасқан ғимараттарды (үй, балабақша, дүкен, мектеп, саябақ т.б.) атай алады;
- Жолдағы қауіпсіздік ережелерін (бағдаршам, жаяу жүргінші жолағы, жолдан өту) түсінеді және сақтайды;
- Өз үйінің мекен-жайын біледі, адасқан жағдайда көшесі мен үйін таба алатынын түсінеді;
- Өз көшесі туралы қарапайым әңгіме құрастырады (мысалы: «Менің көшемде үлкен ағаш бар», «Біздің көшеде дүкен бар»);
- Туған жеріне, тұрған ортасына деген сүйіспеншілігін білдіреді.

16. Астананың құрылысы

Ақпарат!

Астана құрылысы 1997 жылдан бастап қарқынды түрде жүргізілді. Ел астанасы Алматыдан жаңа жерге көшірілгеннен кейін, алдымен қалаға қажетті негізгі нысандар салына бастады.

1. Инфрақұрылым құрылысы

- Ең алдымен жолдар, көпірлер, электр жарығы мен су жүйесі тартылды.
- Есіл өзенінің үстінен жаңа көпірлер салынып, екі жағын байланыстыру жұмыстары жүргізілді.

2. Тұрғын үйлер салу

- Халық қоныстануы үшін көп қабатты тұрғын үйлер тұрғызылды.
- Жаңа шағын аудандар бой көтеріп, мектептер мен балабақшалар салынды.

3. Әкімшілік ғимараттар

- Министрліктер, Үкімет үйі, Парламент пен түрлі мемлекеттік мекемелер үшін кеңселер салынды.
- Бұл ғимараттардың жобасын әлемге танымал сәулетшілер дайындады.

4. Мәдени және әлеуметтік нысандар

- Театрлар, мұражайлар, спорт кешендері, кітапханалар ашылды.
- Әлемге танымал ғимараттар: «Бәйтерек» монументі, «Хан Шатыр» орталығы, «Астана Опера», «Әзірет Сұлтан» мешіті, «Бейбітшілік және келісім сарайы» салынды.

5. Құрылыс техникасы мен мамандар еңбегі

- Құрылысқа мыңдаған жұмысшылар, инженерлер мен сәулетшілер қатысты.
- Үлкен қрандар, экскаваторлар, бульдозерлер, жүк көліктері қолданылды.
- Жұмыс күндіз-түні жүріп, қысқа мерзімде жаңа әсем қала бой көтерді.

Осылайша, Астана шағын қаладан қазіргі заманауи мегаполиске айналды. Құрылыс әлі де тоқтаған жоқ – жыл сайын жаңа үйлер, жолдар, саябақтар мен ғимараттар салынып

Балаларға арналған тапсырма

Ойын «Құрылысшы болайық»:

- Балаларға түрлі құрылыс материалдарының суреттері таратылады (кірпіш, цемент, ағаш, әйнек, т.б.).
- Тәрбиеші: «Үй салу үшін не қажет?» деп сұрайды. Балалар суреттерді көрсетіп жауап береді.

Шығармашылық жұмыс:

- Әр балаға түрлі түсті текшелер, кубиктер немесе лего беріледі.
- Балалар топтасып «**Астанадағы ғимараттарды**» құрастырады (үй, көпір, мұнара, Бәйтерек).
- Соңында әр топ өз құрылыстарын таныстырады: «Бұл – біздің үйіміз», «Бұл – көпір».

Ойын барысы:

1. Тәрбиеші балаларға:
– «Балалар, біз Астанада жаңа қала салайық! Ол үшін әркім өз ғимаратын тұрғызады»
– дейді.
2. Балалар топқа бөлінеді:
 - Бір топ «Бәйтеректі» салады;
 - Екінші топ – «Хан Шатырды»;
 - Үшінші топ – тұрғын үйлер мен мектепті;
 - Төртінші топ – саябақ пен жолды.
3. Салған соң әр топ өз «құрылыстарын» таныстырады:
– «Бұл – Бәйтерек, ол биік мұнара»
– «Бұл – біздің мектеп, онда балалар оқиды»
4. Соңында барлық ғимараттар біріктіріліп, «шағын Астана қаласы» құрастырылады.

17. Астана қалай дамыды?

Ақпарат!

Астана – Қазақстанның жүрегі, Еуразияның орталығында орналасқан әсем қала. Ол 1997 жылы ел астанасы болғаннан кейін қарқынды дамып, бүгінгі таңда заманауи мегаполиске айналды.

Қалада даму жұмыстары әлі де жалғасуда. Құрылысшылар күн сайын жаңа үйлер, жолдар, көпірлер салып, қаланы көркейтіп жатыр.

Қаланың дамуы бірнеше бағытта жүргізілуде:

1. Тұрғын үйлер мен шағын аудандар:

- Жаңа көп қабатты үйлер салынып, халыққа қолайлы жағдай жасалуда.
- Әр ауданда мектептер, балабақшалар, ауруханалар салынуда.

2. Көлік және жол құрылысы:

- Жаңа жолдар төселіп, үлкен даңғылдар кеңейтілуде.
- Есілдің үстінен жаңа көпірлер салынып, қаланың екі жағы біріктірілуде.
- Қоғамдық көліктер саны артып, жеңіл рельсті көлік (LRT) жобасы қолға алынған.

3. Мәдениет пен өнер:

- Театрлар, мұражайлар, концерт залдары ашылып, халықтың мәдени өмірі дамуда.
- «Астана Опера», «Ұлттық музей», «Бейбітшілік және келісім сарайы» сияқты нысандар қаланың көркін арттырды.

4. Спорт пен демалыс орындары:

- «Астана Арена», «Барыс Арена», «Алау» мұз айдыны секілді спорт кешендері салынды.
- Қалада жаңа саябақтар, гүлзарлар, серуен жолдары жасалып, тұрғындар үшін демалыс орындары көбейді.

5. Халықаралық маңызы бар нысандар:

- «EXPO-2017» көрмесі үшін арнайы ғимараттар тұрғызылды. Бүгінде олар ғылыми және іскерлік орталыққа айналған.
- Қалаға шетелден туристер көптеп келіп, Астананың дамуына үлес қосуда.

Астана – жыл өткен сайын көркейіп келе жатқан жас қала. Оның дамуы тоқтаған жоқ, күн сайын жаңа ғимараттар салынып, жолдар кеңейтіліп, халыққа қолайлы жағдай жасалуда. Сондықтан Астана – болашақтың қаласы.

Сұрақ-жауап:

- Астанада қандай жаңа ғимараттар салынды?
- Қала қалай көркейіп жатыр?
- Сен Астанада қандай жаңа ғимарат көргің келеді?

Сурет салу жұмысы:

- Балалар «Астананың болашағы» тақырыбына сурет салады.
- Кім қалаға қандай ғимарат қосуды армандайды, соны қағазға бейнелейді.

Қосымша тапсырмалар

1-тапсырма: «Суреттерді салыстыр»

Балаларға Астананың бұрынғы (кіші үйлер, алғашқы көшелер) және қазіргі (әдемі биік ғимараттар, жаңа аудандар) суреттері беріледі.

– «Бұл сурет ескі қала ма, әлде жаңа қала ма?»

– «Қайсысы саған көбірек ұнайды?»

2-тапсырма: «Не өзгерді?» ойыны

Тәрбиеші сұрақ қояды, балалар жауап береді:

– «Бұрын Астанада қандай үйлер болды?»

– «Қазір қандай ғимараттар бар?»

– «Қала неге әдемі болып келеді?»

3-тапсырма: Шығармашылық жұмыс

Балалар «Болашақтағы Астана» тақырыбында сурет салады.

– «Мен биік мұнара саламын»

– «Мен жаңа көпір саламын»

18. Астанада жасалған өнімдер

Ақпарат!

1. Теміржол локомотивтерін құрастыру зауыты

Астана — теміржол вагондарын жасайтын бірегей кәсіпорынның орны. Мұнда жүк электрлік және жолаушы электровоздары құрастырылып, қаланың теміржол инфрақұрылымын жетілдіреді.

2. Қорғаныс техникасы өнеркәсібі

«Қазақстан Инжиниринг» атты мемлекеттік компания Астанада қорғаныс саласы бойынша — мұнара, қарулар, әскери көлік пен оптикалық құрылғыларды шығарады.

Сонымен қатар, «Kazakhstan Paramount Engineering» компаниясы бронды әскери машиналар дайындайды.

3. Астанадағы азық-түлік өндірушілер

«Цесна-Астық» — бұл қалада орналасқан ірі зауыт. Мұнда ұн, макарон және күріш түрлері дайындалады. Өнім көлемі өте үлкен: жылына жүздеген мың тоннаға дейін.

4. Автокөлік компоненттері мен толығымен құрастыру зауыттары

Astana Motors компаниясы Астанада автокөлік жасау өнеркәсібін дамытуда.

- Оларға қазір құрылып жатқан мультибрендті зауыт — 2025 жылы іске қосылып, жылына 90 000 көлік шығарады.
- Сонымен бірге, қосалқы бөлшектер шығаратын технопарк құрылуда: автокреслолар, мультимедиа жүйелері, салқындату жүйелері, т.б.

5. Танымал бренд ретінде Qazaq Republic (QR) киім кешектер шығару

6. «ZAF» компаниясы - табиғи былғарыдан жасалған аксессуарлар

Топтық тапсырма «Мен фабрика жұмысшысымын»

- Балалар топқа бөлініп, әр топқа бір фабрика немесе зауыт беріледі (мысалы, нан фабрикасы, киім фабрикасы, кәдесый фабрикасы).
- Әр топ өз зауытында не жасалатынын ойлап, карточкаға немесе суретке бейнелейді.
- Соңында топтар өз жұмыстарын таныстырады.

Қосымша тапсырмалар

2-тапсырма: «Қайда жасалған?» ойыны

Балаларға түрлі өнімдердің суреттері беріледі.

— Егер өнім Астанада жасалған болса, балалар қол шапалақтайды.

— Басқа қалада жасалған болса, балалар басын шайқайды.

3-тапсырма: «Дүкен ашайық»

Балалар шағын топтарға бөлінеді. Бір топ – сатушы, екіншісі – сатып алушы. Сатушы «Астанада жасалған» өнімдерді ұсынады.

— «Бұл – Астана сүті, дәмді әрі пайдалы»

— «Мен нан аламын, ол біздің қалада пісірілген»

✓ Күтілетін нәтиже:

- Балалар Астанада өндірілетін кейбір өнім түрлерін біледі;
- Отандық өнімді шетелдік өнімнен ажырата алады;
- Сауда-саттық ойыны арқылы сөйлеу дағдысы дамиды;
- Өнім шығарған еңбек адамдарына құрметпен қарауды үйренеді.

19. Ауа райының маусымдық өзгерістері

Ақпарат!

❁ **Көктем**-қысқа әрі құбылмалы. Наурызда күн жылына бастайды, бірақ түнде аяз сақталады. Сәуірде қар еріп, мамырда ағаштар бүршік атады. Көктемде күн жылына бастайды. Қар еріп, айнала жасыл түске боялады. Құстар ұшып келіп, әсем ән салады. Адамдар жеңіл киім киіп, серуендеуге шығады.

Көктем – жылдың ең әдемі мезгілдерінің бірі. Ол наурыз, сәуір және мамыр айларын қамтиды.

Көктемде күн жылынып, қар еріп, жер беті көкке оранады. Сәуір айында жауын-шашын мол болады, мамырда күн одан әрі жылынады.

Табиғаттағы өзгерістер:

- Қар еріп, өзендер мен көлдердегі су көбейеді.
- Ағаштар бүршік атып, жапырақ жаяды.
- Шөптер, гүлдер өсіп, жер жасыл кілемге оранады.
- Құстар жылы жақтан қайта оралады, ұя салып балапан шығарады.

Адамдардың тіршілігі:

Адамдар көктемде егін егуге дайындалады. Жер жыртып, дән себеді. Ауылда мал төлдеп, қораға қозы-лақ, бұзау, құлын көбейеді.

Көктемде қазақ халқының ең ұлы мейрамы – **Наурыз мерекесі** тойланады. Бұл – табиғаттың жаңаруын, жаңа жылдың басталуын білдіретін мереке.

Көктем – табиғаттың оянып, қайтадан тіршілікке толатын ғажайып мезгілі. 🌱 ❁

❁ Көктем

«Дұрыс па, бұрыс па?»

Көктемде құстар ұшып келеді (✓ Дұрыс).

Көктемде қар қалың жауады (✗ Бұрыс).

«Жауабын тап»

– Көктемде адамдар қандай киім киеді?

– Көктемде табиғат қандай түске боялады?

Балаларға сұрақ:

- Көктем айлары қай айлардан тұрады?
- Көктемде күн қандай болады?
- Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?
- Неге көктемде жаңбыр жиі жауады?
- Көктемде қандай мерекелер болады?

Қимылды ойын: «Көктемгі жаңбыр»

– Музыка ойнағанда балалар қолдарын жоғары көтеріп, «жаңбыр жауғандай» қимыл жасайды.

– Музыка тоқтағанда күн шыққандай қолдарын жайып, күлімсірейді.

✓ Күтілетін нәтиже:

- Жылдың төрт мезгілін (қыс, көктем, жаз, күз) атай алады;
- Күз мезгіліне тән ауа райын сипаттайды (көктем – күн жылынады, қар ериді);
- Маусымдық өзгерістерді табиғат құбылыстарынан (жапырақ, гүл, күн, қар) ажырата алады;
- Табиғатты қорғау, жыл мезгілдерінде оған қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді;
- Өз ойын қарапайым сөйлемдермен жеткізе алады.

20. Астана қаласының саябақтары

Ақпарат!

Астана – жас әрі әсем қала. Мұнда адамдар демалуы, табиғатқа жақын болуы үшін көптеген саябақтар жасалған. Саябақтар қала тұрғындары мен қонақтарға таза ауада серуендеуге, ойнауға және көңіл көтеруге мүмкіндік береді.

Негізгі саябақтар мен ерекшеліктері:

1. **Астана Ботаникалық саябағы**
 - Түрлі ағаштар, гүлдер, бұталар өседі.
 - Балалар үшін ойын алаңдары мен серуен жолдары бар.
 - Көктемде гүлдер ашып, көп адамдар серуендейді.
2. **Президент саябағы**
 - Үлкен көл мен таза жолдар, серуендеуге арналған алаңдар бар.
 - Қыста мұнда балалар шанамен ойнайды, жазда велосипед тебеді.
 - Жыл бойы түрлі фестивальдар мен мерекелік шаралар өткізіледі.
3. **Хан Шатыр маңындағы саябақ**
 - Ойын алаңдары, спорттық орындар көп.
 - Кішкентай балалар мен ересектерге арналған көптеген демалыс орындары бар.
 - Мұнда пикник жасауға немесе достармен кездесуге болады.
4. **Есіл өзені жағалауы**
 - Ұзын серуен жолдары, гүлзарлар, көпірлер бар.
 - Жазда қайыққа мініп, суға қарап серуендеуге болады.
 - Көктемде және күзде табиғат әсем, суретке түсіруге ыңғайлы.
5. **Жерұйық саябағы**
 - Серуендеу жолдары мен демалуға арналған орындықтар.
 - Балаларға арналған ойын алаңдары.
 - Кішігірім көлшіктер мен су бұрқақтары.
 - Жүгіру және велосипед тебуге арналған жолдар.
6. **Жетісу саябағы**
 - Жүгіру және серуендеу жолдары.
 - Балаларға арналған ойын алаңдары.
 - Кішігірім спорттық алаңдар.
 - Таза ауа мен тыныштықты ұнататындарға арналған орындар.
7. **Арай саябағы**
 - Серуендеу жолдары мен орындықтар.
 - Балаларға арналған ойын алаңдары.
 - Кішігірім спорттық алаңдар.
 - Таза ауа мен тыныштықты ұнататындарға арналған орындар.
8. **Орталық саябағы**
 - **Орталық саябақ** – елорда тұрғындары мен қонақтары ең көп баратын демалыс орындарының бірі.
 - **Есіл өзенінің жағасында**, қаланың әдемі бөлігінде орналасқан.
 - **Атырау облысы Астана күніне орай Атырау көпірін салған саябақ.**
9. **Триатлон саябағы**
 - **Триатлон саябағы** – Астана қаласындағы ең әдемі демалыс орындарының бірі.
 - Ол 2001 жылы салынған, кейін бірнеше рет абаттандырылды.
 - Саябақта жүгіруге, велосипед тебуге және серуендеуге арналған арнайы жолдар бар.

Балаларға арналған сұрақ:

1. Астанада қандай саябақтар бар екенін білесіңдер ме?
2. Саябақтарда не істей аламыз?
3. Қай саябақты көргің келеді?
4. Сен саябаққа барып көрдің бе?
5. Саябақта не көрдің?

✓ Күтілетін нәтиже:

- Балалар Астананың 2–3 саябағын атай алады;
- Саябақтардың ерекшелігін сипаттайды;
- Табиғатқа қамқорлық жасау керектігін түсінеді;
- Өз ойын сурет арқылы жеткізеді.

21. Есіл өзені

Ақпарат!

Астана – үлкен өзеннің жағасында орналасқан. Бұл өзеннің аты – **Есіл**.

🐬 Есіл – Қазақстанның маңызды өзендерінің бірі. Ол қала ортасынан өтіп, Астананы екіге бөледі: **оң жағалау** мен **сол жағалау** болып.

⇒ Өзеннің үстінде әдемі көпірлер салынған. Кешке қарай көпірлер түрлі-түсті жарықпен жанып, қаланы ерекше әсем етеді.

🐟 Есіл өзенінде балықтар тіршілік етеді, ал жағасында адамдар серуендеп, демалады. Жазда суы жарқырап ағып жатса, қыста қалың мұз болып қатып қалады.

✨ Есіл – Астананың көркі, қаланың сәні. Ол ағып жатып, қалаға тыныштық пен сұлулық сыйлайды.

★ Ертегі: «Есіл өзенінің саяхаты»

Бірде-бірде, алыстағы даланың бойында әсем және кең өзен ағып жатады. Сол өзеннің аты – **Есіл**.

Есіл өзені әр маусымда өзгеше көрінеді:

- Көктемде – қар мен жаңбырдан келген таза суы шапшаң ағып, құстарға, балықтарға қуаныш сыйлайды.
- Жазда – жылы күнде балалар оның жағасында ойнап, гүлдер мен бақтарды тамашалайды.
- Күзде – ағаштар сарғайып, жапырақтар суға түседі, ал желбегей жел ағаштарды тербетеді.
- Қыста – қар жауып, өзен мұзға айналып, адамдар мұз үстінде жүруді ұнатады.

Бірде **Балықшұға** атты кішкентай балық өзінің достары – **Қазқұстар** мен **Қояншақтармен** бірге Есіл бойымен саяхатқа шығады. Олар өзен бойымен ағып келе жатып:

- Жағалауда ойнап жүрген балаларды көрді,
- Көлшік пен құмда жасырынған кішкентай балықтарды кездестірді,
- Су астындағы өсімдіктердің жасыл әлемін тамашалады.

Есіл өзені достарға:

— Мен әрдайым ағып, барлығына таза су мен шаттық сыйлаймын, — деді.

Балалар мен жан-жануарлар өзеннің бойында ойнап, шаттыққа кенелді.

Сөйтіп, **Есіл**, ағып, табиғатты нәрлендіріп, адамдар мен жан-жануарларға қуаныш сыйлап, өмірін жалғастыра берді.

Сұрақ:

- ☐ Есіл өзені қашан ағады?
- ☐ Көктемде Есіл өзенінде не болады?
- ☐ Балықшұға өзен бойымен кімдермен саяхатқа шықты?
- ☐ Қыста өзен қандай болады?
- ☐ Есіл өзені достарына қандай сый жасайды?
- ☐ Есіл өзенін көрдің бе?

Тапсырма: Ғ.Жайлыбайдың «Есіл ағады» әнін тыңдатып, әңгімелеу, сұрақтар қою.

✓ Күтілетін нәтиже:

- Есіл өзенінің атауын біледі және оның Астана қаласы арқылы ағатынын түсінеді;
- Өзеннің суы, көпірлері, жағалауы туралы қарапайым әңгімелейді;
- Су табиғаттың байлығы екенін түсінеді, суды таза ұстау керектігін меңгереді;
- «Есіл», «жаға», «көпір», «қайық» сияқты жаңа сөздерді қолдана алады;
- Табиғатты қорғауға, туған жерін сүйуге үйренеді;
- Суды ластамауды, таза ұстауды, үнемдеу керектігін түсінеді;
- Судың әрдайым жеткілікті болмайтынын, кейде оның тапшылығы болатынын да біледі.

22. Елордадағы ең ескі ғимарат

Ақпарат!

Астана жас болғанымен, мұнда да тарихы терең ғимараттар бар. Соның бірі – **Сарыарқа ауданының орталығында орналасқан ескі теміржол вокзалы.**

🏠 Бұл ғимарат сонау **1920-жылдары** салынған. Ол кезде қала **Ақмола** деп аталған. Теміржол вокзалы арқылы жолаушылар пойызға отырып, алыс қалаларға сапар шегетін болған.

🏢 Вокзал – Астанадағы ең көне ғимараттардың бірі. Қазіргі заманда ол қайта жөнделіп, әлі күнге дейін қызмет етіп тұр.

✨ Осы ғимарат бізге қаланың тарихын, өткен өмірін еске салады. Жаңа әсем сарайлар мен зәулім үйлер көп болса да, осындай көне ғимараттар елордамыздың өткенін көрсетіп тұрады.

Сәкен Сейфуллин музейі


- **Сәкен Сейфуллин музейі** 1988 жылы ашылған.
- Ол Астана қаласында орналасқан.
- Музей қазақтың белгілі ақыны, жазушысы, қоғам қайраткері **Сәкен Сейфуллиннің** өмірі мен шығармашылығына арналған.
- Мұнда Сәкеннің қолданған жеке заттары, кітаптары, қолжазбалары, фотосуреттері сақталған.
- Экспозицияда ақынның өмір жолы, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесі жайлы мәліметтер берілген.
- Музейде оқушылар мен қонақтарға арналған экскурсиялар, әдеби кештер, кездесулер өткізіліп тұрады.

Сұрақ:

1. Ең ескі ғимарат деген не?
2. Астанада қандай тарихи ғимараттарды білесіңдер?
3. Ғимараттар не үшін салынған?

Ойын «Ғимараттарды ретке қой»:

1. Балаларға түрлі ғимараттардың суреттері беріледі.
2. Оларды жаңадан ескісіне қарай орналастыру ұсынылады.
3. Балалар өз таңдауларын түсіндіреді.



Қосымша тапсырмалар:

«Қай ғимарат ескі?»

Балаларға бірнеше ғимараттың суреті беріледі (жаңа – Бәйтерек, Хан Шатыр; ескі – музей, вокзал).

Балалар ескі ғимаратты көрсетіп, ерекшелігін айтады.

✓ Күтілетін нәтиже:

- Балалар Астанадағы ең ескі ғимаратты біледі;
- Ескі мен жаңа ғимаратты ажырата алады;
- Тарихи нысандарды құрметтеу және сақтау қажет екенін түсінеді;
- Өз ойын қарапайым сөйлемдермен жеткізеді.

23. Астана қаласындағы музейлер

Ақпарат!

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі

- **Мазмұны:** Қазақстанның тарихы, мәдениеті, этнографиясы, археологиясы және өнері туралы кең көлемді экспозициялар.
- **Артықшылығы:** Ежелгі жәдігерлер мен заманауи көрмелердің үйлесімі.

2. Астана қаласының қазіргі заман өнер мұражайы

- **Мазмұны:** Қазақстан, Ресей, Украина, Белоруссия, Өзбекстан, Грузия, Армения, Латвия, Литва, Эстония, Тәжікстан және басқа елдердің суретшілерінің 3000-нан астам шығармалары.
- **Артықшылығы:** Бейнелеу өнерінің барлық жанрлары мен түрлі техникаларының көрсетілуі.

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Мемлекеттік әскери-тарихи музейі

- **Мазмұны:** Қазақстанның әскери тарихы, қару-жарақ, әскери техника және жауынгерлік өнер туралы экспозициялар.
- **Артықшылығы:** Әскери тарихты тереңінен таныстыру.

4. «Нұр Әлем» болашақ энергиясы мұражайы (EXPO-2017 ғимаратында)

- **Мазмұны:** Энергияның болашақ көздері, жаңартылатын энергия көздері және ғарыштық технологиялар туралы ақпарат.
- **Артықшылығы:** Ғарыштық және энергетикалық тақырыптағы интерактивті көрмелер.

5. «Астана» Ұлттық сурет галереясы

- **Мазмұны:** Қазақстанның және әлемнің танымал суретшілерінің шығармалары, ұлттық қолданбалы өнер туындылары.
- **Артықшылығы:** Қазіргі заманғы және дәстүрлі өнердің үйлесімі.

6. Сәкен Сейфуллин музейі

- С. Сейфуллиннің жеке заттары, қолжазбалары, фотосуреттері;
- әдеби және қоғамдық қызметіне байланысты құнды құжаттар;
- замандастары мен серіктеріне қатысты материалдар жинақталған.

7. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент музейі

- Астана қаласында, бұрын Қазақстан Республикасының Президенті жұмыс істеген резиденция ғимаратында орналасқан.
- Музей Қазақстанның Тұңғыш Президенті **Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың** өмірі мен қызметіне арналған.
- Мұнда елдің тәуелсіздік жылдарындағы тарихын айқындайтын құнды құжаттар, сыйлықтар, кітаптар, суреттер және Президенттің қолданған жеке заттары сақталған.

8. Су музейі

- «Астана су арнасы» ғимаратында ашылды.
- Тарихи құжаттар, қолжазба альбомдар, карталар, жұмыс сызбалары қойылған.

Тапсырма:

- Музей деген не?
- Сіз қай музейге барғыңыз келеді? Неліктен?
- Музейде не көре аламыз?
- Қандай музейде болдың?

Суретпен сәйкестендіру:

- Балаларға Астана музейлерінің кескіндемелері беріліп, сурет бойынша сипаттап беру сұралады.



24. Астана қаласының театрлары

Ақпарат!

Астана – мәдениеті дамыған қала. Мұнда балалар мен ересектерге арналған түрлі театрлар бар. Театр – адамдарға өнерді, актерлік шеберлікті және әдемі спектакльдерді тамашалауға мүмкіндік береді.

Негізгі театрлар:

1. **Астана қаласының Орталық балалар театры**
 - Балаларға арналған спектакльдер көрсетеді.
 - Қазақ және шетел ертегілері сахналанады.
 - Балаларға ойын арқылы өнер мен достықты үйретеді.
2. **Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры**
 - Қазақ классикалық және заманауи пьесаларын көрсетеді.
 - Балалар мен ересектерге арналған әр түрлі қойылымдар бар.
3. **«Astana Musical Theatre» (Музыкалық театр)**
 - Музыкалық қойылымдар мен мюзиклдер көрсетеді.
 - Балаларға ән айту мен би арқылы өнерді таныстырады.
4. **«Саяхат» театр студиясы**
 - Кішкентай балаларға арналған интерактивті спектакльдер.
 - Балалар спектакльге қатысып, кейіпкер бола алады.
5. **Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры**
 - Қазақ әдебиеті мен мәдениетіне негізделген қойылымдар.
6. **Жастар театры**
 - Жасөспірімдер мен жастарға арналған заманауи және классикалық қойылымдар.
7. **Астана Опера театры**
 - Опера, балет және балаларға арналған музыкалық қойылымдар.
8. **Астана Балет театры**
 - Балет және балаларға арналған хореографиялық қойылымдар.

Сұрақ:

- Театр деген не?
- Театрда не көре аламыз?
- Сен театрға барып көрдің бе?
- Қандай спектакль көрдің?
- Спектакль несімен ұнады?

Шығармашылық жұмыс: «Мен актермін!»

Балалар топқа бөлініп «Батыр бала», «Аю мен кіші досы», «Ай мен Жұлдыз достығы», «Көңілді ойыншықтар қаласы» тақырыбында көрініс қояды.



25. Көк ту

Ақпарат!

Отанымыздың ең басты рәміздерінің бірі – **Ту**. Ол көк түсті, ортасында күн мен қыран бейнеленген, ал шетінде ұлттық өрнек бар.

Қазақстандағы ең үлкен **Ту – Астана қаласында** орналасқан. Ол «**Қазақ Елі**» монументінің жанындағы **Ту тұғырында** желбіреді. Бұл Ту биік тұғырға ілінген, сондықтан оны қаладағы көп жерден көруге болады. Ол желмен бірге тербеліп, біздің елдің тәуелсіздігін, бірлігін білдіреді.

Түсіндіру жұмысы:

Тәрбиеші:

- Көк түс – бейбітшілік пен аспан символы;
- Күн – жарық пен өмір символы;
- Құс (Самұрық) – бақыт пен еркіндік белгісі;
- Ою – қазақ мәдениеті.

Сұрақ:

- Қазақстанның туы қандай?
- Туда қандай түстер мен белгілер бар?
- Туды қай кезде және қайда іледі?

Жеке тапсырма:

Балалар қағазға тудың суретін салып, баяндап береді.



Қосымша тапсырма:

1-тапсырма: «Бұл қандай ту?»

Тәрбиеші суретті көрсетеді:

– «Бұл қандай ту?»

Балалар: «Бұл – Қазақстанның туы!»

2-тапсырма: «Тудың түсін тап»

Балаларға көк және сары түсті қағаздар беріледі.

– «Ту қандай түсті?» – «Көк түсті, күн мен қыран сары түсті».

✓ Күтілетін нәтиже:

- Балалар Қазақстан туын таниды;
- Тудың түсі мен белгілерін атай алады;
- Қазақстандағы ең үлкен ту Астанада орналасқанын біледі;
- Туға құрметпен қарауды үйренеді.

26. Астана қаласының төлтаңбасы

Ақпарат!

Астана қаласының төлтаңбасы – бұл қаланың ресми символы, ол елорда тарихын, мәдениетін және ерекшелігін бейнелейді. Төлтанба қала мен оның тұрғындары үшін мақтаныш белгісі болып табылады.

Төлтанбадағы негізгі элементтер:

1. **Көк фон** – бейбітшілік пен ашық аспанды білдіреді.
2. **Қыран құс (Самұрық)** – еркіндік, биік мақсат пен батылдықтың символы.
3. **Күн бейнесі** – жарық, өмір және жылылықты көрсетеді.
4. **Киіз үй немесе ою-өрнек элементтері** – қазақ мәдениеті мен дәстүрін білдіреді.
5. **Қалаға тән белгілер** – жаңа ғимараттар, дамып келе жатқан Астана бейнесі.



Ойын «Біз төлтаңба құрамыз»

- Тәрбиеші төлтаңбаның элементтерін топқа береді.
- Балалар элементтерді пайдаланып, төлтаңбаны құрастырады.
- Топпен жұмыстарын қорғап шығады.

«Қайсысы дұрыс?»

Тәрбиеші бірнеше суретті көрсетеді. Балалардан:

– «Астана қаласының төлтаңбасы қайсысы?» – деп сұрайды.

«Айт та көрсет»

Балалар төлтаңба туралы қарапайым сөйлемдер айтады:

- «Бұл – Астананың төлтаңбасы»
- «Ортасында шаңырақ бар»
- «Елтаңба көк түсті»

«Өз балабақшаның төлтаңбасын сал»

- Тәрбиеші балаларға балабақшаның өзіндік белгісі, ерекшелігі туралы айтады.
- Балалар өз ойларынан балабақшаның төлтаңбасын салады (мысалы: күн, гүл, достық, кітап, ойыншық, құстар, жүрек бейнелері).
- Әр бала өз суретін таныстырып, неліктен сол бейнелерді таңдағанын түсіндіреді.

✓ Күтілетін нәтиже:

- Төлтанба арқылы балалар қала мен оның тарихы, мәдениеті туралы түсінік алады;
- Астана тұрғындары үшін мақтаныш символы болып табылатыны туралы біледі;
- Балалар төлтаңбаны көріп, елорданың ерекшелігі мен Қазақстанның мәдени байлығын түсіне бастайды;
- Өз балабақшаларының ерекшеліктерін айта алады.

27. Ауа райының маусымдық өзгерістері

Ақпарат!

***Жаз-ыстық, құрғақ.** Маусымнан тамызға дейін созылады. Температура +30...+35 °C-қа дейін көтеріледі. Кейде нөсер жаңбыр мен найзағай болады. Жазда күн ыстық әрі ұзақ болады. Балалар саябақта ойнап, суға шомылады. Бақтарда жеміс-жидек піседі, гүлдер құлпырып шығады.

Жаз – жылдың ең ыстық әрі көңілді мезгілі. Ол маусым, шілде және тамыз айларына жатады.

Жазда күн ұзарып, түн қысқарады. Күн ыстық болып, кейде нөсер жаңбыр жауады. Шілде айында күн ең қатты ысыды.

Табиғаттағы өзгерістер:

- Жер жасыл түске боялады.
- Гүлдер қаулап өседі, жеміс-жидек, көкөніс піседі.
- Жануарлар мен құстардың тіршілігі қыза түседі.
- Аралар, көбелектер ұшып жүреді.

Адамдар жазда еңбек етеді, бау-бақшада жеміс-жидек өсіреді. Балалар жазғы демалыста ойын ойнап, серуендеп, суға шомылады. Ауылда шөп шабылып, қыстық азық дайындалады.

Жаз – демалыс пен саяхат мезгілі. Көптеген адамдар теңізге, көлге барып шомылады, табиғат аясында серуендейді.

Жаз – табиғаттың ең әсем, қуанышты мезгілі. ☀️🌿🍏

* Жаз

«Дұрыс па, бұрыс па?»

Жазда күн ыстық болады (✓ Дұрыс).

Жазда балалар аққала жасайды (X Бұрыс).

«Жауабын тап»

– Жазда бақта не піседі?

– Балалар жазда қайда ойнайды?

«Артық сөзді тап» ойыны:

- Қар, жаңбыр, күн, ыстық (Артық – қар).
- Шана, доп, велосипед, суға шомылу (Артық – шана).
- Құлпынай, қарбыз, алма, аққала (Артық – аққала).

Балаларға сұрақ:

- Жаз айлары қай айлардан тұрады?
- Жазда күн қандай болады?
- Жазда неге күн ұзақ болады?
- Жазда адамдардың демалысы қайда өтеді?

✓ Күтілетін нәтиже:

- Жылдың төрт мезгілін (қыс, көктем, жаз, күз) атай алады;
- Жаз мезгіліне тән ауа райын сипаттайды (жаз – күн ыстық, жаңбыр жауады);
- Маусымдық өзгерістерді табиғат құбылыстарынан (жапырақ, гүл, күн, қар) ажырата алады;
- Табиғатты қорғау, жыл мезгілдерінде оған қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді;
- Өз ойын қарапайым сөйлемдермен жеткізе алады.

28. «Думан» ойын-сауық орталығындағы мұхитарал

Ақпарат!

Астана қаласында ерекше әсем жерлердің бірі – «Думан» ойын-сауық орталығы. Оның ішінде нағыз таңғажайып орын бар, ол – Мұхитарал.

🐬 Мұхитаралда үлкен аквариумдар бар. Оның ішінде түрлі-түсті әдемі балықтар жүзіп жүреді. Кейбірі кішкентай болса, кейбірі өте үлкен. Мұнда ақула, теңіз тасбақасы, скаттар сияқты жануарларды көруге болады. Олар кәдімгі теңізде жүргендей әсер қалдырады.

🚶 Балалар әйнектен жасалған ұзын дәлізбен жүріп, өздерін теңіздің астында жүргендей сезінеді. Балықтар дәл қастарында жүзіп бара жатқандай болады.

✨ Мұхитарал – балаларға білім мен қызық сыйлайтын орын. Онда теңіз жануарлары туралы көп мәлімет алуға болады.

«Думан» ойын-сауық орталығындағы Мұхитарал – Астананың ерекше көрікті жері. Ол балаларға да, ересектерге де ұнайды. Мұнда барған әр бала теңіз әлемімен танысып, көп қызық көреді.

Сұрақ:

- Мұхитаралда қандай балық түрлерін кездестіруге болады?
- Сен барып көрдің бе?
- Мұхитаралда саған не ұнады?

Ойын «Су асты әлемі»

- Балалар топтасып теңіз жануарлары рөлін алады;
- Бір бала дельфин, бір бала акуланы көрсетеді;
- Су астындағы өсімдіктер мен балықтарды қимылмен көрсетеді;
- Балалар «Мұхитта жүзу» қимылдарын жасайды.

Шығармашылық тапсырма «Менің сүйікті балықтарым»

- Қағаз, бояулар беріледі.
- Балалар өз сүйікті теңіз жануарларын суреттеп, топта таныстырады.
- Әр бала неліктен осы жануарды таңдағанын түсіндіреді.



✓ Күтілетін нәтиже:

- «Думан» ойын-сауық орталығының Астанада орналасқанын біледі;
- Мұхитаралда балықтар, теңіз жәндіктері, акулалар, медузалар, түрлі түсті балықтар бар екенін ажыратады;
- Теңіз жануарларының суда тіршілік ететінін түсінеді;
- Мұхитарал табиғаттағы су әлемін тамашалауға мүмкіндік беретінін біледі.

Астана қаласы туралы тақпақтар
(балаларға арналған тақпақтар)

Ел ордам менің – Астана,
Осында жаңа бастама
Сәулетті зәулім үйлер көп,
Көрікті сондай жас қала.

Астанама қарашы,
Елімнің жас қаласы.
Неткен ұлы, неткен кең,
Қазағымның даласы!

Ардақталды Астанам,
Мәртебелі бас қалам.
Көркейе бер күн сайын,
Алға қарай, бас қадам.

Астана қандай тамаша,
Көз тоймайды қараса.
Қандай керемет тамаша,
Менде бар ғой бас қала.

Оның аты Астана,
Астананы қараса.
Жүрегім соғады тамсана,
Менің елім Астана.

Ел ордам менің – **Астанам**,
Астанам менің бас қалам.
Зәулім-зәулім үйлер көп
Өркендеген – Астанам.

Арайлы таң астанам,
Бір өзіңмен мақтанам
Есіл өзен бойымен,
Көркейген менің жас қалам.

Алтын күннің астында,
Желбірейді туымыз.
Қазақ деген халықтың,
Ұлы менен қызымыз.

Тәрбиешілерге арналған өлеңдер

Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
Жастық - алтын, қайтып келмес күнімде
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.

Жаратылдым топырағыңнан, сен - түбім.
Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім.
Сенен басқа жерде маған қараңғы,
Жарық болар Шолпан, Айым, сен - Күнім.

Тәтті суың дәмі аузымнан еш кетпес,
Қалың нуың, қыр, суыңа жер жетпес.
Кең далаңда ойын ойнап қалсамшы,
Жазу болып адамзатқа ер жетпес!..

Балақ түріп, қозы қуып, жарысып,
Батпағында тең құрбымен алысып.
Түнде - ақсүйек, алтыбақан, ал күндіз
Үйретем деп асау тайға жабысып. **(М. Жұмабаев)**

Астанам! Ару қалам, асқақ ордам,
Қалың жұрт, қазағыма қақпа болған.
Ту ұстап, тұлпар мінген бабаларым,
Бермеген ел намысын жатқа қолдан.

Бозоғым, бозбеткейлім, баққа оранған,
Тарихтың қойнауынан тапқан олжам.
Баянды бақытымның бастауындай,
Айналдың Астанаға аппақ арман...

Жар болып Жаббар Ие жалғыз ғана,
Ғасырға аяқ бастық ал біз жаңа.
Сұрланып сырт айналған суық көздер
Қарайды әлі саған сәл қызғана.

Көш келді Қараөткелге өр тұлғалы,
Кеңесін ерлерімнің ел тыңдады.
Тұлғасы бой көтерді Хан Кененің

Жарасып жарқ-жұрқ еткен ер-тұрманы.

Ертеңің ұлтын сүйген ұлыңа сын,
Қашанда еркіндіктің құны басым.
Керіліп кербез далам көсіледі,
Сезініп бостандықтың шұғыласын! **(Қалқаман Сарин)**

Ақ қаламның, Астана­ның даңқы асты,
Ақ орданың ханы келіп алғашқы.
Тәуелсіздік тәңіріндей тәкаппар,
Түр-тұлғасы бүгінгіге жалғасты.

Арқа-жүрек, Алатауым бас болып,
Ақжайығым арынды күш жас болып,
Бостандыққа батыр дене біріксе,
Келе алмас қой қай пендең де қас болып.

Қазір Есіл Астанамен көрікті,
Есілдіріп сән-салтанат төгіпті.
Кел, ағайын, кең құшақты Астанам,
Сендерге арнап ырзығы да өніпті.

Бұл қуаныш-елдігімнің асқары,
Елдігімнің, ендігімнің асқаны.
Бар қазаққа сәулелі нұр шашасын тек
Бас қаланың, Астананың аспаны. **(Нұрғожа Ораз)**

ҚОРЫТЫНДЫ

«Сарыарқа тану» бағдарламасы мектепке дейінгі жастағы балалардың туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға, Сарыарқаның табиғаты мен тарихы, Астана қаласының көрікті жерлері туралы алғашқы түсініктерін кеңейтуге бағытталды. Бағдарлама аясында балалар табиғат құбылыстары, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, қала тарихы мен мәдени нысандары туралы қарапайым білім алды.

Бағдарламаны іске асыру барысында балалардың танымдық белсенділігі артып, тілдік қоры байыды, шығармашылық және зерттеушілік дағдылары дамыды. Сонымен қатар экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, туған жерге қамқорлық жасау сезімін тәрбиелеуге ерекше мән берілді.

Жалпы алғанда, «Сарыарқа тану» бағдарламасы мектепалды топ тәрбиеленушілерінің зияткерлік, әлеуметтік және рухани дамуына оң ықпал етіп, жас ұрпақтың елін сүйетін, табиғатты қорғай білетін азамат болып қалыптасуына негіз қалады.

Бағдарламаны меңгеру деңгейін анықтау критерийлері

Төмен деңгей:

- Балалар тек жеке сөздермен немесе қысқа сөйлемдермен жауап береді.
- Астана қаласы, Сарыарқа туралы мәліметтерді толық ажырата алмайды.
- Табиғатты қорғау, туған жерге сүйіспеншілік жайлы түсінігі әлсіз.
- Тек тәрбиешінің көмегімен жауап береді.

Орташа деңгей:

- Балалар бағдарламаның негізгі мазмұнын біледі, бірақ кейбір сұрақтарға толық жауап бере алмайды.
- Қаланың бірнеше ауданын, табиғат ерекшеліктерін атай алады, бірақ шатастыруы мүмкін.
- Тәрбиешінің көмегімен ой қорытып, ойын жеткізе алады.

Жоғары деңгей:

- Балалар Астана қаласы мен Сарыарқаның табиғаты, тарихы, көрікті жерлері туралы толық әрі нақты айта алады.
- Қаланың аудандарын, басты көшелерін, ғимараттарын атай алады.
- Табиғатты қорғау, жануарларға қамқорлық жасау жолдарын өз ойымен жеткізе біледі.
- Сұрақтарға толық, байланыстырып жауап береді.
- Сарыарқа жерлері қай аумақты қамтығанын біледі.
- Неге Сарыарқа деген атау алғанын біледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Электронды ресурстар:

1. Әділет. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 15.04.2025 №74 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) [Электронды ресурс]. - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (қаралған күні: 09.06.2025).
2. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) [Электронды ресурс]. - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275> (қаралған күні: 13.06.2025).
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) [Электронды ресурс]. - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235> (қаралған күні: 17.06.2025).
4. Астана қаласы әкімдігінің ресми сайтындағы анықтамалық материалдар (аудандар, әкімшілік басқару, мәдени нысандар туралы) [Электронды ресурс].- www.gov.kz (қаралған күні: 23.06.2025).
5. «Астана энциклопедиясы». – Алматы: Қазақ энциклопедиясы (575) (2008) 45-62 беттер.
6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы. – Астана: ҚР Мәдениет және спорт министрлігі (574) (2010) 7-18 беттер.
7. «Сарыарқа табиғаты» оқу-әдістемелік құрал. – Астана (2012) 30-47 беттер.
8. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы.– Алматы: Қазақ энциклопедиясы (250) (2004) 88-105 беттер.
9. Қазақтың халық ауыз әдебиеті (мақал-мәтелдер, тақпақтар, ертегілер). – Алматы: Ана тілі (300) (2010) 93–120 беттер.
10. Астана көшелері туралы жинақ. Алматы: «Сардар» (56) (2011) 18 бет.
11. Астана: монументы и скульптуры. Алматы: (208) (2018) 100-200 беттер.
12. Өлкетану. Астана: Алматыкітап баспасы, (2018) (2016).